Аннотация. В данном исследовании изучается влияние цифровых образовательных ресурсов (ЦОР) и искусственного интеллекта (ИИ) на мотивацию и результаты обучения в профессионально-ориентированном обучении иностранным языкам. Основное внимание уделено студентам поколения Z. В рамках исследования оценивалась эффективность интеграции инструментов, основанных на ИИ, таких как Quizlet, Quizizz и Youglish, в учебные программы для студентов бакалавриата. Смешанный метод исследования включал опрос студентов, результаты которого анализировались количественно с использованием описательной и корреляционной статистики, а также качественно через тематическое кодирование. Результаты показывают, что ЦОР и ИИ значительно повышают мотивацию и вовлечённость студентов: 98% участников отметили улучшение профессиональной языковой компетенции. Элементы геймификации, мобильные платформы и интерактивные функции оказались особенно эффективными для поддержания интереса студентов.

Однако были выявлены такие проблемы, как цифровое неравенство и недостаточное взаимодействие с преподавателями, что подчеркивает необходимость сбалансированной интеграции технологий и человеческого участия. Исследование подчеркивает трансформационный потенциал ЦОР и ИИ в модернизации профессионально-ориентированного обучения иностранным языкам. Практические рекомендации включают приоритетное использование платформ с адаптивным обучением и элементами геймификации, решение проблем доступности и повышение квалификации преподавателей для эффективного использования цифровых инструментов. Используя сильные стороны ЦОР и ИИ и устраняя их недостатки, можно создать инклюзивные, эффективные и современные образовательные среды для цифрового будущего.

Ключевые слова: цифровые образовательные ресурсы, искусственный интеллект, иноязычное образование, мотивация в изучении языков, профессионально-ориентированное образование, поколение Z, геймификация в образовании, владение иностранным языком

Received: December 24, 2024

Information about authors:

Zhanikeeva Dinara Ergaiypovna – doctoral student, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, e-mail: atyhanova-dinara@mail.ru

Zhumabekova Galiya Baiskanovna – candidate of ped.sciences, professor, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, e-mail: zhuma_a@mail.ru

Авторлар туралы мәлімет:

Жаникеева Динара Ергайыповна – докторант, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, e-mail: atyhanova-dinara@mail.ru

Жумабекова Галия Байскановна – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, e-mail: zhuma_a@mail.ru

Информация об авторах:

Жаникеева Динара Ергайыповна – докторант, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, e-mail: atyhanova-dinara@mail.ru

Жумабекова Галия Байскановна – кандидат педагогических наук, профессор, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, e-mail: zhuma_a@mail.ru

ӘОЖ 372.92

FTAMP 14.07.05

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.76.1.020>

**ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА ЖАСАНДЫ
ИНТЕЛЛЕКТІ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ:
ОҢ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ҚАУІПТІ ЖАҚТАРЫ**

*Альдибекова Ш.Н.¹

*¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі әлемдегі төртінші өнеркәсіптік революциясы жүріп жатқан заманда зерттеуші ғалымдардың өзекті мәселелерінің бірі-білім беру процесін цифрландыру тақырыбына арналған білім беру процесінде жасанды интеллект мүмкіндіктеріне аса көп көңіл бөлуде. Ол ғылым, технология және адам өмір сүру сапасын жақсартумен қатар, цифрлық дәуір өз кезегінде этикалық және әлеуметтік мәселелерді (жұмыссыздықтың пайда болуы, дайын жұмысты пайдалану этикасын бұзу, адамзаттың логикалық ойлану деңгейі мен денсаулық сапасын төмендету, т.б.) тудырмай қоймады. Мақалада жасанды интеллект білім саласындағы студенттер мен педагогтарға жаңа мүмкіндіктер беріп, біздің өміріміздің барлық саласына еніп жатқан керемет қуатты құрал бола тұра, қолдануға байланысты бірқатар мәселелер мен қайшылықтар қарастырылған және жасанды интеллект саласындағы құзыреттілік ХХІ ғасырдың маңызды технологиялық дағдыларының біріне айналғаны атап өтілді. Мақалада алдымен жасанды интеллекттің даму тарихы, оның білім берудегі рөлі сипатталады. Шетелдік ғылыми жарияланымдарды шолу негізінде автор жасанды интеллекттің мәнін, оның оқытушыларға да, білім алушыларға да білім беру практикасы шеңберінде беретін мүмкіндіктерін анықталады және оны білім беру процесіне енгізу тәуекелдері ұсынылады. Цифрландыру және жаһандану дәуірінде білім беру саласы өзгерістерге ұшырайды, жаңа жоғары интеллектуалды реңктерге ие болады, атап айтқанда: әртүрлі цифрлық принциптерді енгізу нейрондық желілер, жасанды интеллект және т.б., Соған сәйкес, зерттеу жұмысында «жасанды интеллект» және «нейрондық желілер» ұғымдары талданды, олардың айрықша белгілері анықталды. Өндірілген соңғы өнім бойынша нейрондық желілердің түрлері сипатталып, оқу процесінде нейрондық желілерді қолданудың оң және теріс жақтарына салыстырмалы талдаулар жүргізілді.

Мақалада студенттер мен оқытушылардың білім беруде жасанды интеллектті қолдану мүмкіндіктерін бағалауы бойынша әдеби шолу және эмпирикалық зерттеу жүргізілді. Білім беруде жасанды интеллектті қолданудың мүмкіндіктері, зор келешегімен қатар, кемшіліктері, қауіптері педагогикалық университеттердің оқытушылары мен студенттерінің, соның ішінде Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің сауалнамасына негізделген контент-талдау арқылы анықталды.

Оқу процесіне жасанды интеллектті енгізу қажеттілігі, сондай-ақ қазіргі таңдағы ЖОО-да қолданылып жүрген технологиялар анықталды және талданды. Оқытуды жекелендіруде жасанды интеллектті пайдалану мүмкіндіктерін ұсынып, біз білім беруде нейрондық желілер мен жасанды интеллект технологияларын қолдану және жетілдіру қажеттілігі туралы жан-жақты анықтап жасанды интеллект оқытушыны немесе студентті толығымен алмастыра алмайды. Жасанды интеллект мұғалімдердің жұмысын жеңілдетеді, ал оқушылар білім беру мәселелерін шығармашылықпен шеше алады, дегенмен, ол тек оқу процесін жақсартудың қосымша құралы ретінде ғана пайдаланылуы керек деген қорытындыға келдік.

Тірек сөздер: Жасанды интеллект», трансформация дәуірі, жасанды интеллект технологиялары, блокчейн, білім берудегі жасанды интеллект, нейрондық желілер, цифрландыру және жаһандану дәуірі, төртінші өнеркәсіптік революция

Кіріспе

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бірнеше саланы дамытуға ерекше басымдық берілетінін атап өтіп, соның ішінде жасанды интеллектті дамыту, қолданысқа енгізу жайы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында жасанды интеллект, блокчейн, заттар интернеті (IoT) және Үлкен деректер (Big Data) сияқты жаңа тұжырымдамалар мен технологияларды кеңінен енгізу ауыл шаруашылығы саласынан қаржы саласына дейінгі барлық салаларда өзгертуге әкелетінін атап өтті және жолдауында әлемде жасанды интеллект секторына бір триллион доллардан астам қаражатпен қамтамасыз ететіндігі атап өтілген. Осыдан кейін елімізде ЖИ айтарлықтай өсуі мүмкін. Жасанды интеллект әлеуетін толық пайдалану білім экономикасында айтарлықтай серпіліс жасауға мүмкіндік береді. (Тоқаев, 2023) [1]. Адамзат баласының жеке өмірінде жасанды интеллектке қандай орын беретіні туралы мәселе күн тәртібінде өткір тұр және оның айналасында пікірталастар да аз емес.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде 3 отандық жоғары оқу орнының базасында жасанды интеллектті зерттейтін мектеп ашуды тапсырды. [1, 76.]. Әлемде төртінші өнеркәсіптік революция жүріп жатыр. Германия, Қытай, Мексика, Италия, Латвия сияқты дамыған елдерде Индустрия 4.0 технологияларының көмегімен салалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі бағдарламалар іске асырылуда.

Жасанды интеллектті (ЖИ) жасау және дамыту – әртүрлі факторларға негізделген күрделі және көп қырлы процесс. Жасанды интеллект адам интеллектісінің күші жете бермейтін мәселелерді шешетін үлкен әлеуетке ие. Сондай-ақ, айта керу керек жасанды интеллект – адам өмірінің барлық салаларына сәт сайын еніп келе жатқан дүние. Сондықтан осы мәселеге барынша көңіл бөлуіміз керек. Жоғары оқу орындарында жасанды интеллекттің қарқынды дамуы өзімен бірге озық технологияларды ғана емес, сондай-ақ оқыту мен зерттеудің тың әдістерін өзгертудің тың тәсіліне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл студенттер үшін интерактивті

оқытудың аясын кеңейтеді, әрі мұнда ЖИ мазмұнды жеке қажеттіліктер мен оқу қарқынына қарай бейімдей алады. Сонымен қатар бұл сыни ойлауды дамытуға да ықпал етеді, өйткені студенттер инновациялық әдістерді енгізе отырып, нақты мәселелерге қатысты жобаларға бастамашы болады. Қазақстандағы сапалы білім беру жүйесі еліміздің дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, ол еңбек нарығында қажетті бәсекелестік артықшылықтарға ие және цифрлық экономика жағдайында өз әлеуетін жүзеге асыруға дайын жоғары білікті мамандарды даярлауға ерекше назар аударуды талап етеді.

Бүгінгі таңда ғалымдар жасанды интеллект жасау мәселелерін үлкен қызығушылықпен зерттеп жатыр. Зерттеушілердің пікірінше, жасанды интеллекттің шарықтап дамуы адам өмірінің шығармашылық және күрделі аспектілеріне назар аударуға мүмкіндік бере отырып, адамның күнделікті және бірсарынды өмірінен арылуына көмектеседі. Екінші жағынан, жұмыс орындарын біртіндеп жоғалту, технологияны бақылауды жоғалту және автономды жүйелердің дамуымен байланысты этикалық мәселелер сияқты ықтимал жағымсыз салдардың туындауына қатысты алаңдаушылық жоқ емес.

Жасанды интеллектті адамның оқуында белсенді қолдану зияннан гөрі көп пайда әкеледі ме? Осындай сұрақтарға байланысты жасанды интеллекттің оң және теріс жақтарына салыстырмалы талдау жасамас бұрын оның анықтамасын белгілеу қажет болды «Жасанды интеллект» терминін алғаш рет 1956 жылы америкалық бағдарламашы Джон Маккарти АҚШ-тың Дартмут колледжінде өткен ғылыми конференцияда қолданды. Ол компьютерлік бағдарламалаудағы ең алғашқы тілдердің бірі Лисптің негізін салған. Сөйтіп, жасанды интеллект академиялық сала ретінде енгізілді. Осы кезден бастап оған деген қызығушылық арта түсті.

Жалпы «жасанды интеллект» деп адамға ұқсас қызмет атқара алатын кез келген машиналар мен жүйелердің әрекетін атайды. Мәселен, біз бүгінде тұрақты түрде қолданып жүрген ұялы телефон, компьютер, Google Chrome, Explorer, Yandex, Opera сынды түрлі браузерлер, әлеуметтік желілер мұның бәрі- бәрі интеллектке жатады.

Аталмыш саланы 5 жыл бойы зерттеп келе жатқан промпт-инженер Жарас Әбішов бұл жасанды интеллекттің адамға деген пайдасы мол екенін айтады.

Қарастырылып отырған тақырыптағы мақалалар мен басылымдардың авторлары «жасанды интеллект» дегеннен гөрі «нейрожелі» терминін ЖИ-і баламалы қолданатынын атап өткен жөн. Себебі нейрондық желі деректерді өңдеуге бағытталған математикалық модель болып табылады, ал жасанды интеллект көптеген тәсілдер мен әдістерді қамтитын ғылым мен технологияның кең саласы болып табылады. Жасанды интеллекттің тағы бір маңызды саласы – нейрондық желілер десек, нейрондық желі – адам миының көшірмесі. Өткен ғасырдың екінші жартысында ғалымдар жасанды интеллектіні алгоритмдік ойлау шеңберінен шығару туралы еңбек еткен, нақтырақ айтсақ, жасанды интеллектіге «ойлаудың шексіздігі»

идеясын енгізген болатын. Ал, оған дайын модель ретінде адам миының құрылымы таңдап алынады. Осылай «нейрондық желі» дүниеге келген болатын [4,11]. Білім беру саласында жасанды интеллектті қолдану тәсілдерін талдау кезінде, ең алдымен, жасанды интеллекттің бөлігі болып табылатын нейрондық желілер қарастырылады. Жасанды интеллекттің мақсаты да сол – өз бетінше ойлана алатын, мәселелерді шеше алатын және мәліметтен сабақ ала алатын бағдарламалар жиынтығын құру.

Хабибуллин Ирек өзінің «нейрондық желілерді білім беру мақсатында пайдаланудың өзектілігі» атты мақаласында атап өткендей: «бастапқыда нейрондық желілерді» пайдалану деректердің үлкен массивтерін талдауда және жіктеу және кластерлеу мәселелерін шешуде өз қолданылуын тапты.[5, 17]. Нейрондық желілерді олар жасайтын соңғы өнім түрлеріне қарай бөлуге болады, әрі әртүрі нақты практикалық мәселелерді шешуге арналған. Олардың ішінде деректерді қысу, үлгіні, сөйлеуді, қолжазба таңбаларын тану, мәтіндер мен кескіндерді генерациялау, машиналық аударма, сұрақ-жауап жүйесі (чатбот), беттерді редакциялау және т.б. нейрондық желілердің аталған мүмкіндіктері оларды білім беру саласында қолдану мүмкіндігіне ие деген қорытынды жасауға болады. Осы саладағы нейрондық желілердің мұндай белсенді жұмысының оң және теріс жақтары болуы мүмкін екенін есте ұстаған жөн. Студенттер мен педагогтардың нейрондық желілерді ықтимал пайдалануын қарастыра отырып, келесі оң мысалдарды атап өтуге болады: нейрондық желілер мұғалімдерге оқушылардың жұмысын тексеруге кететін уақытты қысқартуға көмектеседі (яғни, педагогтің ресурстарын едәуір үнемдейтін күнделікті процестерді автоматтандыру), нейрондық желілерді әр студенттің жеке қажеттіліктері мен білім деңгейіне бейімделетін жекелендірілген оқу материалдарын жасау үшін пайдалануға болады, сабақтарды интерактивті ете алады, нейрондық желі зерттелетін тақырыпқа көрнекі иллюстрациялық материал жасай алады (мысалы, мәтінді елестету), нейрондық желінің көмегімен аудиториядағы пікірталастарды талдау және олардағы қателерді іздеу үшін жасалған мәтіндерді қолдана отырып ұйымдастыруға болады, сұранысқа ие болатын негізгі дағды-желінің дұрыс сұранысын қалыптастыру, бұл дұрыс тапсырма қою және нәтижені талдау. Аталған артықшылықтарды талдай отырып, дұрыс қолданған кезде нейрондық желілер сабақтың мазмұнын әр түрлі және бай етуге мүмкіндік береді, сонымен қатар оқытушының күнделікті міндеттерін жеңілдетеді деп айтуға болады. Алайда, білім беру процесінде нейрондық желілерді қолданудың жағымсыз жақтары да бар: ЖИ тек есептердің тар шеңберін шешу үшін және іс жүзінде пайдалы есептердің одан да тар шеңбері үшін қолданылады, осылайша ол жеке есептер мен алгоритмдердің ерекшеліктерін түсінуді қамтамасыз етпейді, деректердің құпиялылығы мәселесі: нейрондық желілерді пайдалану студенттердің жеке деректерінің үлкен көлемін жинауды және талдауды қажет етуі мүмкін, бұл олардың жеке өмірі мен қауіпсіздігін бұзуы мүмкін, нейрондық желінің бағалауын автоматты түрде тексеру кезінде дұрыс емес параметрлерге немесе дұрыс жұмыс істемеуіне байланысты бағалаудың

бұрмалану қаупі бар, студенттердің үй тапсырмасын дайындау, емтихан тапсыру, диплом жазу үшін нейрондық желілерді белсенді пайдалануында көрінетін технологияға тәуелділікті ояту қаупі, жасалатын мазмұнға жауапкершілік мәселелері және соған байланысты салдарлар. Осылайша, қазіргі уақытта білім беруде нейрондық желілерді пайдаланудың оң мысалдары да, шешуге уақыт пен жинақталған тәжірибе қажет болатын жағымсыз жақтары да бар деген қорытынды жасауға болады. Прогресс бір орында тұрмайтындықтан және жасанды интеллектті пайдалану өмірдің көптеген салаларына енгізілгендіктен, оқу процесінде нейрондық желілерді қолдану перспективалы бағыт болып көрінеді. Оны одан әрі жетілдіру үшін бар кемшіліктерді ескеру, оларды біртіндеп бейімдеу және шешу, сондай-ақ аталған артықшылықтардың белсенді дамуын қамтамасыз ету қажет. [7].

Сондай-ақ, жасанды интеллект жұмыс орындардың кемуіне және адам еңбегін автоматтандыру аясында алаңдаушылық бар екенін жасыра алмаймыз. Алайда, жалпы алғанда, жасанды интеллект біздің өмірімізді жақсартуда үлкен күш-қуаты бар. Бұл зерттеудің мақсаты - ХХІ ғасырдағы білім беруде жасанды интеллектті қолданудың мүмкіндіктері, тәуекелдерін және перспективаларын бағалауға мүмкіндік беретін контент - талдау жүргізу.

Материалдар мен әдістер

Білім беру саласы дамуын жалғастыруда және жасанды интеллектті енгізу, оқыту мен оқыту әдістерін айтарлықтай өзгертеді. Бұл мақалада біз білім беруде жасанды интеллектті қолданумен байланысты өзекті тенденциялар мен статистиканы талқылаймыз, сонымен қатар оның оқу процесіне, білім беру мекемелеріне және студенттерге әсері туралы маңызды ақпарат береміз. Жасанды интеллект құралдарын енгізу қарқынынан бастап студенттің білім беруді өзгерту әлеуеті туралы пікірлеріне дейін біз осы саланың болашағын қалыптастыратын негізгі көрсеткіштерге егжей-тегжейлі талдау ұсынамыз.

Алыс жақын шетелдік және отандық әдебиеттерде бұл терминнің әртүрлі түсіндірмелері келтірілген. Сонымен, Сибирякова Ю.В. «білім беру саласындағы жасанды интеллект технологияларын қолдану: тәуекелдер мен перспективалық бағыттар» атты мақаласында былай деп жазады: «қазіргі сөздіктер мен энциклопедияларда ұсынылған «жасанды интеллект» терминінің анықтамалары оның түсінігін екіұшты көрсетеді: бір жағынан, бұл цифрландырудың ерекше мінез-құлқын зерттеу саласы, екінші жағынан, бұл мінез-құлықтың өзі басқаша -адам интеллектіні пайдаланып міндеттерді орындау»[2].

Соңғы жылдары робототехника, чатботтар және смарт құрылғылар сияқты цифрлық және жасанды интеллект технологиялары біздің күнделікті өмірімізде кең таралған. Өзекті ғылыми зерттеулер мен аналитикалық есептерде игеруге қажетті жасанды интеллект құралдарымен жұмыс істеу үшін цифрлық құзыреттердің нақты тізімін анықтауға тырысады. Лонг пен Магерко адамдар өзі қалыптастыруы керек 16 құзыреттілікті ұсынды: жасанды интеллектті тану, жасанды интеллектті түсіну, пәнаралық дағдылар,

жалпы және тар жасанды интеллектті ажырату, жасанды интеллекттің күшті және әлсіз жақтарын анықтау, жасанды интеллекттің болашақ қолданылуын және олардың қоғамға әсерін ұсыну, білімді ұсыну, шешім қабылдау, цифрлық оқытуды түсіну, адамның ЖИ-тің рөлін тану, деректер құзыреттілігі, деректерге негізделген оқыту, деректерді сыни тұрғыдан түсіндіру, жоғары деңгейлі ЖИ пайымдаулары, сенсорлар және олардың артындағы этикалық ойлар. Бір қадам алға жылжып, Ng және бірлескен авторлар Блум 2 таксономиясына сүйене отырып, жасанды интеллект бойынша студенттің білім деңгейін төменнен жоғарыға дейін арттыру үшін қажетті жасанды интеллект құзыреттерін танымның төрт саласына бөлді (яғни білу және түсіну; пайдалану және қолдану; бағалау және құру;).

Жоғарыда келтірілген талқылаулар жасанды интеллект мұғалімдерінің оқыту үшін пайдалануының кейбір мүмкіндіктері мен қиындықтарын ұсынады, өйткені оқытушыларға білім алушылардың сауатты болуына көмектесу үшін қандай нақты цифрлық құзыреттіліктер қажет екенін хабарлау үшін негіздер немесе нұсқаулар жетіспейді. Көптеген қазақстандық ғалымдар жасанды интеллект саласындағы цифрлық құзыреттілікті дамыту оқытушылар үшін маңызды деп болжады, өйткені жасанды интеллектті қалай қолдануды білетін оқытушылар оны білмейтін оқытушыларды алмастыра алады, өйткені жасанды интеллект олардың оқу процесіндегі рөлін өзгерту мүмкіндіктерін кеңейте алады, бұл оның тиімділігін едәуір арттырады. Ал, Маркаускайте және т.б. ғалымдар цифрлық технологиялар арқылы білім беру стандарттарына сәйкес келу, жаңа цифрлық технологияларды интеграциялауы және оқытуды қолдауы қажет екенін атап өтті

Соңғы уақытта жасанды интеллекттің адам қызметінің барлық салаларына оның ішінде білімге енуі туралы ЖИ-і естуге болады. Бұл зерттеуде біз оның не екенін және оның қоғам мен білімнің дамуына қалай әсер ететінін түсінуге тырысамыз. Қазіргі уақытта білім беруде жасанды интеллектті қолданудың негізгі бағыттарын қарастырыңыз: Күнделікті тапсырмаларды автоматтандыру. Оқытушылардың иығында әрдайым үлкен жауапкершілік қабаты және студенттермен жұмыс көлемі – үлгерімді бақылау, типтік тапсырмаларды тексеру, білім деңгейі және сабаққа дайындығы т.б. Білім берудің тиімділігі мен сапасын арттыру үшін енді осындай күнделікті жұмысты жасанды интеллектке тапсыруға болады. Білім беруде жасанды интеллектті қолдану педагогтар мен психологтардың студенттердің қабілеттерін, мотивациясын, ерік-жігерін және басқа да көрсеткіштерін анықтау әдістемелерін әзірлеуінің арқасында мүмкін болады, соның негізінде жеке оқыту бағдарламасы құрылады. Студенттер үшін білім беру қосымшалары мен мамандандырылған мазмұнды құру оқу процесін жекелендіруге де ықпал етеді. Бұл функцияны көптеген студенттер белсенді қолданады. Сонымен қатар, осы тұста цифрлық дәуірде кәсіби құзыреттілікті (hard skills) игеруден басқа жұмсақ дағдыларды (soft skills) дамыту қажет дер едім. Үнемі өсіп келе жатқан ақпарат пен білім адам миына үлкен әсер етеді. Барлық ақпаратты игеру мүмкін емес, бірақ жасанды интеллект студенттердің сыни ойлауы мен шығармашылығын

дамытуға мүмкіндік беретін әртүрлі тапсырмаларды орындауға көмектеседі. Бүгінгі таңда өтпелі технологиялар студенттерге тиімдірек білім алуға және оқытушыларға оқу материалын игеру сапасын арттыруға көмектесетін ақпаратты ЖИнауға және сүзуге тамаша көмекші бола алады. Нейрондық желілер білім беру мекемелерінің немесе платформалардың қызығушылығын тез арттырады, жасанды интеллект студенттердің қызметін талдай отырып, белгілі бір пәндер бойынша олардың үлгерімінің әлсіз жақтарын механикалық түрде анықтай алады, бұл өз кезегінде мұғалімдерге қосымша араласу қажеттілігін білдіреді, содан кейін студенттің нәтижелілігі мәселесін шешуге көмектеседі. Қазіргі білім берудің тағы бір проблемасын нейрондық желілердің көмегімен шешуге болады-бұл кәсіптік бағдар беру, ол тек мамандық таңдауға дайындалуға ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі анықтауға, дамытуға және түлектерді жұмысқа орналастыруға көмектеседі.

Жасанды интеллект көптеген функцияларды орындауда адамды алмастыра алмайтыны анық, бірақ ол әлдеқайда жақсырақ, іс жүзінде мінсіз жасай алады. Жасанды интеллект- жыл бойына, тәулік бойы тұрақты жұмыс істейді, ол ауырмайды, жаман көңіл-күйде болмайды және жалақыны көтеруді қажет етпейді. Бүгінгі таңда жаңа технологиялар, соның ішінде жасанды интеллект жаңа жұмыс орындарын ғана емес, еңбек нарығындағы жаңа бағыттарды, жаңа мамандықтарды қалыптастырады деген пікір бар. Сонымен қатар, Google компаниясының бұрынғы президенті Кай-Фу Ли 2041 жылы біздің әлемді бейнелейді, онда жасанды интеллект жетекші рөл атқарады. Олардың пікірінше, «адамдар мен жасанды интеллект өмір сүру үшін дарвинистік күреске кіріседі - мұнда жасанды интеллект жеңеді». Жасанды интеллект жүйелері жоғары біліктілікті қажет ететін кәсіптердегі негізгі міндеттерді өз мойнына алады, ал Роботтар бұрын біліктілігі жоқ жұмыс қолданылған күнделікті жұмыстарды орындайды, нәтижесінде жаппай жұмыссыздық, жалақының төмендеуі және жаһандық экономикалық катаклизмдер пайда болады»-деп болжайды. [7]. Зерттеуші Скептиктің айтуынша, жоғалған жұмыс орындары тек экономикалық қана емес, сонымен бірге әлеуметтік күйзелістерге әкеледі дейді. Мысалы, Раймонд Курцвейл, футуролог, Google корпорациясының инженерлік департаментінің директоры, өз кітабында «Сингулярлық қазірдің өзінде жақын «2045 жылға дейінгі көкжиекте жасанды интеллект машиналары адамдардың ақыл-ойы мен қабілеттерінен асып түседі және» жасанды интеллект биологиялық интеллект алдында басым болады « деп санайды [8]. Зерттеуде қоғамдық кеңістікте ұсынылған сараптамалық пікірлерді сапалы талдау әдістері, сондай-ақ ғылыми жарияланымдарды мазмұнды талдау әдістері қолданылды. Сараптамалық пікірлер мен ғылыми тәсілдерді топтастыру және жіктеу жүзеге асырылды. Болжамды бағалауды қалыптастыру үшін әлеуметтік болжау әдістері қолданылды.

«Жасанды интеллект» термині бүгін пайда болған жоқ. Ақылды машиналарға қолданылатын жүйелі ойлау мен пайымдау мүмкіндігін сипаттаған, Алан Тьюрингтің жұмысын жалғастыра отырып Дж. Маккарти 1956 жылы ойлап тапты. Жасанды интеллект саласына еңбегі сіңген

Дж.БендЖИоның «Deep Learning» атты кітабынды: терең оқытудың негіздері, мәтінді өңдеу сияқты тапсырмаларда қолданған. Бірқатар ғалымдар: Дж.Барретт С. Рассел мен П. Норвиг, Чен және Сонг тиімділігіне байланысты жасанды жасанды интеллектінің технологияларын білім саласына қолданылу жолын зерттеді. 2018 жылы SpaceX, SolarCity және Tesla Motors компанияларының жетекшісі Илон Маск бастаған жасанды интеллект саласындағы бірқатар сарапшылар «Бұл компьютерге сенесің бе?» («Do you trust this computer?») атты деректі фильмде өздерінің жасанды интеллект дамуына қатысты пікірін білдірді. Олардың басым бөлігі жасанды интеллект дамуын бақылауда ұстау маңызы жайлы айтады. [11].

Илон Маск үндеуімен бірқатар белсенді ғалымдар мен футурологтар жасанды интеллектінің қаупі жайлы Біріккен ұлттар ұйымына да арнайы хат жазған. Хатта жасанды интеллектіге ие әскери қаруларды бақылауда ұстау мәселесі көтеріледі.

Киборг-әскерлер мен ақылды әскери-дрондардан бөлек, жасанды интеллект адам баласының жұмыссыз қалуына да себепші болуы мүмкін. Мысалы, 2014 жылы америкалық миллиардер Джефф Безос Amazon.com компаниясының жүк тасымалдайтын мыңдаған қызметкерін жұмыстан босатып, оларды роботтармен алмастырды. Қазіргі таңда компанияның қоймаларында жүз мың робот жұмыс істейді. Одан бөлек, такси қызметін ұсынатын Uber компаниясы жүргізушісіз қозғалатын көлік жүйесін тестілеуден өткізіп жатыр. Егер жоба іске асса, 2 миллионға жуық такси жүргізушісі жұмыссыз қалуы мүмкін. М. Веккиарини, Т. Сомия ғалымдар студенттер ой-көзқарасы тұрғысынан ChatGPT қолдану- дың артықшылықтары мен шектеулері туралы зерттеген ғалымдар. [5,6].

Қазіргі таңда білім берудің күнделікті тапсырмаларында ChatGPT-ді пайдалану саны елімізде артуда, олар қайталанатын тапсырмаларды автоматтандыру және жұмыс жүктемесін азайту арқылы тиімділік пен өнімділікті айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік беріп келеді, бұл ChatGPT-дің әдістеме мен педагогикадағы әртүрлі процестерді оңтайландырудың потенциалды пайдасын көрсетеді. [4,12]. Бұл өнім АҚШ-та 2016 жылы GPT - OpenЖИ негізін қалаушылар арасында — Илон Маск, Сэм Альтман, Грег Брокман, Илан Гудфеллоу, Джон Шульман, Войцех ЗардЖИцки және басқа да бірқатар инвесторлардың еңбегінің нәтижесі болатын. Әдебиеттерге талдау барысында біз Жасанды интеллекттің артықшылықтарымен кемшіліктерінің сызбасын құрастырдық:

Кесте 1 - Жасанды интеллекттің артықшылықтары мен кемшіліктері

Артықшылықтары	Кемшіліктері
1. Адам қателігінің болмауы -ЖИ арқылы қатенің төмендеуі және дәлдіктің жоғарылауы	1. ЖИ үлкен шығындарға әкеледі (мықты ЖИ жасау көп ресурстар мен уақытты қажет етеді, бұл оны қымбатқа түсіреді).

2. Ережеге негізделген жүйелер (Rule Based Systems) – адам баласының жұмысын жеңілдетуге негізделген автоматты алгоритмдер, қашықтан басқарылатын ғарыштың жасанды серіктері жатады.	2. Машиналарда шығармашылық жетіспеуі
3. Контекстіні анықтау және сақтау (Context Awareness and Retention) – белгілі бір салаға қатысты ақпарат қорын ЖИнап, оны бейімделген әдістер бойынша сұрыптап отыратын алгоритмдер.	3. ЖИ студенттердің дайын білімді пайдалануға деген бейімділік, білім сапасына кері әсері
4. Пайымдай алатын машиналар (Reasoning Machines) – «сана теориясын» игерген алгоритмдер. Бұл кезеңдегі бағдарламалар адам сияқты ойлай алады. Сонымен қатар, сену, үйрену және өзін-өзі ынталандыру қабілеттері де бар	4. ЖИ кейбір ақпараттардың жалған болуы
5. Проблеманы шешуге қауқарлы сарапшы (Domain Specific Expertise) – сарапшы мамандар шешімінен де тиімді ұсыныс жасай алатын алгоритмдер	5. ЖИ супер технологиясының шарықтау барысында жұмыссыздықтың арту қаупі
6. Өзін-өзі таниғын жүйе /Жалпы жасанды интеллект (Self Aware Systems / Artificial General Intelligence or AGI) – адамның ми құрылымына ең жақын жүйе алгоритмі	6. Жасанды интеллект машиналары дәуірінде адам логикалық ойлау деңгейінің арту қаупі
7. Бірегейлік пен үстемдік (Singularity and Transcendence) – адамдардың ойша бір-бірімен ақпарат алмасуына мүмкіндік жасайтын алгоритмдер	
8. Жасанды суперинтеллект (Artificial SuperIntelligence or ASI) – әлемдегі кез келген мәселені шеше алатын әмбебап алгоритмдер	

Заманауи жасанды интеллект жүйелері күрделі есептеулерді үлкен жылдамдықпен орындай алады. Олар үлкен деректер ЖИынтығын өңдей алады және нақты болжамдар жасай алады. Жасанды интеллект негізінен оның дамуын немесе жетілдірілуін ескере отырып, төрт кезеңге бөлінеді :

1. Реактивті машиналар (бұл жадыны сақтамайтын машиналар);
2. Шектеулі жады (жадысы төмен машиналар);
3. Ақылтеориясы. (физикалық әлемді-сезінуге тырысатын машиналар);
4. Өзін-өзі тану (машиналар интеллекттің жаңа деңгейі);

Бүгінгі қоғам да адам сияқты ойлау қабілетіне ие болатын әмбебап роботтардың заманы келетініне сенуден алыс. Бірақ, оның ауылы жақын. Себебі біз аз уақытта әмбебап жасанды интеллектінің 7 кезеңінің 4-іншісіне жетіп үлгердік.

Нәтижелер мен талқылау


Контент-талдау жүргізу үшін мақаланың зерттеу тақырыбы бойынша бірнеше зерттеулердің нәтижелерін біріктірген талдау жүргізілді.

Экспериментке Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің

бастауыш сыныпта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының 86 студент қатысты. Экспериментке дейін білім алушылармен сұхбат-тесті жүргізілді. Зерттеудің мақсаты: білім алушылардың жасанды интеллектті білі алуға қолдану мәселелері бойынша оң мүмкіндіктері мен ықтималдықтарын (қаупі) анықтау.

Зерттеудің барысында 86 студенттен сұхбат алынды және алдынала алынған нәтижелер көрсеткендей, қазіргі уақытта университетте ЖИ-ге білім берудің жүйелерін қабылдау және түсіну деңгейі шектеулі екенін көрсетті. Біздің зерттеуіміз бойынша: - студенттердің 63% - і ЖИ негізіндегі жүйелер туралы біледі. Алайда олардың тек 38% - ы ғана бұл жүйелердің қалай жұмыс істейтінін түсінеді. - Тек 60% - ы ЖИ негізіндегі белгілі бір жүйелерді білім беру мақсатында пайдаланады. - Тек 52% - ы ЖИ-мен байланысты этикалық салдарды түсінеді. - 43% - ы ұзақ мерзімді перспективада жасанды интеллект олардың кәсібіне зиян тигізуі мүмкін деп санайды. - Тек 7% ғана өз мамандығына жаңа ЖИ қосымшаларын белсенді енгізеді және сынайды.

Жүргізілген екінші сауалнама нәтижелері: а)Студенттедің 43% - ы оқуға көмектесу үшін ChatGPT сияқты жасанды интеллект құралдарын қолданатынын мойындады. Б) ЖИ қолданатындардың 50% - ы мұны үй тапсырмасын орындау немесе емтихан тапсыру үшін жасайды, с)ChatGPT қолданатын студенттердің 62%-ы оны СӨЖ және практикалық сабақтарына тиімдірек деп санайды, д)Студенттердің 43% - ы технология, соның ішінде ЖИ білім беру процесінің ажырамас бөлігі болуы керек деп санайды, е) 12%-і жасанды интеллектті енгізудің қауіптерін біледі, ж) жасанды интеллектті енгізудің қауіптерін білмейді.



Бұл деректер еліміздің білім беруде ЖИ енгізу және түсіну үшін елеулі кедергілер бар екенін көрсетеді, Бұл статистика Қазақстанның білім беру саласындағы жасанды интеллект негізіндегі жүйелерді түсіну

мен қолданудағы елеулі олқылықты көрсетеді. Бұл бірқатар себептерге байланысты: ол ЖИ мүмкіндіктерімен қатар, қауіпін жете түсінбеушілігінде; дегенмен, респонденттердің көпшілігі жасанды интеллектке негізделген платформаларды меңгерген, олардың жартысынан азы олардың қалай жұмыс істейтіні туралы нақты түсінікке ие. Ондан әрі студент жасанды интеллекттің пайдануда дайын білімді оқу үрдісіне қолдануды жалғастыратын болса, ізденушілік, шығармашылық қабілетінің жойылуы және білім сапасындағы түрлі кедергілер келтірілуі.

Қорытынды

Жасанды интеллектті ЖОО-дағы білім беруде қолдану білім беру стандарттарын, қол жетімділігі, сапасы мен тиімділігін арттырудың зор мүмкіндіктерін ұсынады. Дегенмен, оның бірқатар кемшіліктері мен қауіптері бар. Білім беру мен ғылымда ЖИ қолдану жаһандық және ұлттық аспектілерін ескере отырып қарағанда экономиканы дамытудың маңызды факторы болып табылады. Жасанды интеллектті пайдалану мәселесі оны қоғамның әртүрлі салаларына біріктіру процесінде туындауы мүмкін тәуекелдер мен артықшылықтардың объективі арқылы талқыланады. Қазақстандық ғылыми және білім беру ортасы жаңа технологиялық сын-тегеуріндерге белсенді бейімделіп, ЖИ енгізу стратегиялары мен жоспарларын әзірлейтіні маңызды. Бұл білім беру саласындағы мамандардың, ЖИ әзірлеушілердің, саясаткерлердің және басқа да мүдделі тараптардың ЖИ-ны жан-жақты түсінуді және оны пайдаланудың этикалық негіздерін қамтамасыз ету үшін бірлескен күш-жігер жұмсауды қажет етеді. Зерттеуіміздің қорытындысы бойынша, қазіргі таңда студенттердің 90 пайызы ғаламтор мәліметтеріне жүгініп, тапсырмалар орындайтын болса, 78 пайызы ChatGPT қолданатынын көрсетіп отыр. Бұл дайын білімді еш сараптаудан өткізбестен, сол күйінде тапсырады дегенді аңғартады. Бұдан шығатын қорытынды студенттердің теориялық логикалық-ойлау қабілетінің және жеке бастық дамуының төмендеуіне әкелетіні сөзсіз. Мәселе ЖИ-тің университет білім беру саласына жауапты әрі пайдалы интеграциялануына ықпал ету міндетін жүктейді.

Қорытындылай келе, өтпелі технологияларды, атап айтқанда жасанды интеллект пен нейрондық желілерді пайдалану оқыту тиімділігінің айтарлықтай жақсаруына, білім алушылардың цифрлық және ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға әкелетінін және оқу процесін жекелендіруге мүмкіндік беретінін атап, қауіптің де айтарлықтай білім сапасына кері әсерін беретінін естен шығармау керектігін айтады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы [Электрон. ресурс] - 2023. – Кіру режимі: URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-Kazahstana-ekonomicheskij-kurs-spravedlivogo-kazahstana-18588> [қаралған күні 20.10.2023]

[2] Сыздықбаев А. Қазақстанда жасанды интеллект қалай дамиды. «ҚазАқпарат» Халықаралық ақпараттық агенттігі [Электрон. ресурс]. – 2023. – Кіру режимі: URL: <https://www.inform.kz/ru/kak-budet-razvivatsya-iskusstvennyi-in-tellekt-v-kazahstane-0fc18f> [қаралған күні 20.10.2023]

[3] Конусова В.Т. Регуляторная политика в сфере искусственного интеллекта: исследование подходов к правовому регулированию // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан – 2023. – Т. 3(74)

[4] Аяпова С.М. Зарубежные и казахстанские медиа об использовании искусственного интеллекта в журналистике // Вестник КазНУ. Серия журналистика. – 2021. – №2 (60). – С. 95-10

[5] Сибирякова, Ю. В. Использование технологий искусственного интеллекта в сфере образования: риски и перспективные направления / Ю. В. Сибирякова // Экспертные институты в XXI веке: принципы, технологии, культура: Сборник научных трудов / Научный редактор Т.И. Грабельных. – Иркутск : Иркутский государственный университет, 2022. – С. 211-214;

[6] Хабибуллин, И. Р. Актуальность использования нейросетей в образовательных целях / И. Р. Хабибуллин, О. В. Азовцева, А. Д. Гареев. — Текст: непосредственный // Молодой ученый. — 2023. — № 13 (460). — С. 176-178.

[7] Темирбеков Ж.Р. Искусственный интеллект и право: краткий обзор // Право и государство. – 2021. – №3(92). – С. 142-156

[8] Глава OpenЖИ, создатель ChatGPT, хочет привлечь \$5-7 трлн на производство чипов для разработки ИИ [Электронный ресурс] 15 февраля 2024. – Режим доступа: URL:<https://tech.news.am/rus/news/2928/glava-openжи-sozdatel-chatgpt-khochet-privlech-5-7-trln-na-proizvodstvo-chipov-dlya-razrabotki-ii.html> [Дата обращения: 20.10.2023]

[9] Бигари Р. Как развивается искусственный интеллект в Казахстане? [Электронный ресурс]. 2 ноября 2023. – Режим доступа: URL: <https://bluescreen.kz/kak-razvivzhietsia-iskusstviennyi-intielliekt-v-kazahstanie/> [дата обращения: 15.02.2024].

[10] Булаева, М.Н. Методические рекомендации применения цифровых платформ в профессиональных образовательных организациях обучения / М.Н. Булаева, О.Н.Филатова, П.В. Канатъев // Проблемы современного педагогического образования. – 2022. – №72(4). – С. 34-36

[11] Гуцин, А.В. Особенности реализации информационной стратегии высшей образовательной организации /А.В. Гуцин, О.И. Ваганова, О.Н. Филатова // Известия Балтийской государственной академии рыбопромыслового флота. – 2021. – № 3 (57). – С. 47-51

[12] Лебедева, Т.Н. Формирование цифровой культуры педагога средствами массовых открытых онлайн-курсов / Т.Н. Лебедева, О.Р. Шефер, С.В. Крайнева, Н.А. Белоусова, Е.Н. Эрентраут, Ю.А. Ахкамова // Вестник Мининского университета. – 2022. – Т. 10. – №3.

[13] Сябитова, К.С. Искусственный интеллект в системе профессионального образования/К.С. Сябитова, О.Н. Филатова //

Профессиональное самоопределение молодежи инновационного региона: проблемы и перспективы. – Красноярск – Челябинск – Нижний Новгород. – Москва. – 2023. – С. 132-134

[14] Филатова, О.Н. Применение нейросетей в профессиональном образовании / О.Н. Филатова, М.Н. Булаева, А.В. Гушин // Проблемы современного педагогического образования. – 2022. – №77-3. – С.243-245

REFERENCES

[1] Memleket basshysy Qasym-Jomart Toqaevtyń «Ádiletti Qazaqstannyń ekonomikalыq baғыty» atty Qazaqstan halqyna Joldaуy [Elektron. resýrs] (Address of the Head of State Kassym-Zhomart Tokayev to the People of Kazakhstan “Economic Direction of a Fair Kazakhstan”). - 2023. - Kirw rejimi: URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-Kazahstana-ekonomicheskij-kurs-spravedlivogo-kazahstana-18588> [qaralǵan kúni 20.10.2023] [in Kaz]

[2] Syzdyqbaev A. Qazaqstanda jasandy intellekt qalaı damıdy. “Qazaqparat” Halyqaralyq aqparattyq agenttigi [Elektron. resýrs] (How artificial intelligence is developing in Kazakhstan. “KazAqparat” International Information Agency). – 2023. - Kirw rejimi: URL: <https://www.inform.kz/ru/kak-budet-razvivatsya-iskusstvenniy-intellekt-v-kazahstane-0fc18f> [qaralǵan kúni 20.10.2023] [in Kaz]

[3] Konýsova V.T. Regýlátornaıa politika v sfere iskýsstvennogo intellekta: issledovanie podhodov k pravovomý regýlirovaniý (Regulatory policy in the sphere of public intelligence: integrated approaches to legal regulation) // Vestnik Instıtýta zakonodatelstva ı pravovoi informasıı Respýblikı Kazahstan – 2023. – T. 3(74) [in Rus]

[4] Аларова С.М. Zarýbejnye ı kazahstanskıe media ob ispolzovanıı iskýsstvennogo intellekta v jýrnalisıke (The use of Russian and Kazakh media in intellectual intelligence in journalism) // Vestnik Kazný. Serıa jýrnalisıka. – 2021. – No2 (60). – С. 95-10 [in Rus]

[5] Sıbirákova, Iý. V. Ispolzovanie tehnologıı iskýsstvennogo intellekta v sfere obrazovaniya: riskı ı perspektivnye napravlenıa (The use of technological executive intelligence in the sphere of image: Ricky and perspective direction) / Iý. V. Sıbirákova // Ekspertnye instıtýty v XXI veke: prinsipy, tehnologıı, kúltýra: Sbornik naýchnyh trýdov / Naýchnyi redaktor T.I. Grabelnyh. – Irkýtsk: Irkýtskıı gosýdarstvennyi ýnıversitet, 2022. – С. 211-214; [in Rus]

[6] Habıbyllın, I. R. Aktýalnos ispolzovaniya neurosetei v obrazovatelnyh seláh (Aktual’noct’ icpolzovaniya neurosetei v obrazovatelnyh tselyakh) / I. R. Habıbyllın, O. V. Azovseva, A. D. Gareev. — Tekst: neposredstvennyi // Molodoı ýchenıı. — 2023. — № 13 (460). — С. 176-178. [in Rus]

[7] Temırbekov J.R. Iskýsstvennyi intellekt ı pravo: kratkıı obzor (Creative intelligence and law: a brief overview) // Pravo ı gosýdarstvo. – 2021. – №3(92). – С. 142-156 https://doi.org/10.51634/2307-5201_2021_3_142 [in Rus]

[8] Glava Orepji, sozdatel ChatGPT, hochet privlech \$5-7 trln na proizvodstvo chipov dlá razrabotkı II (The head of OpenJI, the creator of ChatGPT, wants to attract \$5-7 trillion to the production of chips for the development of

AI) [Elektronnyy resýrs] 15 fevralá 2024. Rezhim dostupa: URL:[https://tech.news.am/rus/news/2928/glava-openЖИ-sozdatel-chatgpt-khochet-privlech-\\$5-7-trln-na-proizvodstvo-chipov-dlya-razrabotki-ii.html](https://tech.news.am/rus/news/2928/glava-openЖИ-sozdatel-chatgpt-khochet-privlech-$5-7-trln-na-proizvodstvo-chipov-dlya-razrabotki-ii.html) [Data obrashcheniya: 20.10.2023] [in Rus]

[9] Bigari R. Kak razvivaetsá iskýsstvennyy intellekt v Kazahstane? (How is intellectual intelligence developing in Kazakhstan?) [Elektronnyy resýrs]. 2 noiabrá 2023. - Kirw rejimi: URL: <https://bluescreen.kz/kak-razvivЖИetsia-iskusstviennyi-intielliekt-v-kazahstanie/> [data obrashenia: 15.02.2024]. [in Rus]

[10] Býlaeva, M.N. Metodicheskie rekomendatsii primeneniya sifrovyyh platform v professionalnyh obrazovatelnyh organizatsiyah obýcheniya (Methodological recommendations for the use of digital platforms in professional training organizations) / M.N. Býlaeva, O.N.Filatova, P.V. Kanatev // Problemy sovremennogo pedagogicheskogo obrazovaniya. – 2022. – №72(4). – С. 34-36 [in Rus]

[11] Gýshin, A.V. Osobennosti realizatsii informatsionnoy strategii vysshey obrazovatelnoy organizatsii (Osobennosti realization information strategy higher educational organization) / A.V. Gýshin, O.I. Vaganova, O.N. Filatova // Izvestia Baltiyskoy gosýdarstvennoy akademii rybopromyslovogo flota. – 2021. – № 3 (57). – С. 47-51 [in Rus]

[12] Lebedeva, T.N. Formirovaniye sifrovoi kúltúry pedagoga sredstvami massovyh otkrytyh onlain-kýrsov (Formation of digital culture teachers with credits for Mac open online courses) / T.N. Lebedeva, O.R. Shefer, C.V. Kraineva, N.A. Beloýsova, E.N. Erentraýt, Iý.A. Ahkamova // Vestnik Múnskogo ýniversiteta. – 2022. – T. 10. – №3. [in Rus]

[13] Sábitova, K.C. Iskýsstvennyy intellekt v sisteme professionalnogo obrazovaniya / K.C. Sábitova, O.N. Filatova (Executive intelligence in the system of professional education) // Professionalnoye samoopredeleniye molodeji innovatsionnogo regiona: problemy i perspektivy. – Krasnoyarsk – Chelábinsk – Nijniy Novgorod. – Moskva. – 2023. – С. 132-134 [in Rus]

[14] Filatova, O.N. Primeneniye neurosetei v professionalnom obrazovanii (The application of neuroscience in professional imaging) / O.N. Filatova, M.N. Býlaeva, A.V. Gýshin // Problemy sovremennogo pedagogicheskogo obrazovaniya. – 2022. – №77-3. – С.243-245 [in Rus]

ПРОБЛЕМЫ ПРИМЕНЕНИЯ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В СФЕРЕ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ: ПОЛОЖИТЕЛЬНЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ И РИСКИ

*Алдибекова Ш. Н.¹

*¹Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан

Аннотация. В эпоху четвертой промышленной революции в современном мире большое внимание уделяется возможностям искусственного интеллекта в образовательном процессе, являющей одной из актуальных проблем ученых, исследователей цифровизации образовательного процесса. Помимо улучшения науки, технологий и качества жизни человека, цифровая эпоха, в свою очередь, не вызывала

этических и социальных проблем (возникновение безработицы, нарушение этики использования готовой работы, снижение уровня мышления и качества здоровья человечества и т.д.). В статье рассматривается ряд проблем и противоречий, связанных с использованием искусственного интеллекта в области образования, который предоставляет новые возможности студентам и педагогам и является невероятно мощным инструментом, проникающим во все сферы нашей жизни, отмечается, что компетентность в области искусственного интеллекта стала одним из важнейших технологических навыков 21 века. В данном исследовании прослеживается становление развития искусственного интеллекта и показана его роль в образовании. На основе обзора зарубежных научных публикаций автором определяется сущность искусственного интеллекта, возможности, которые он предоставляет как преподавателям, так и обучающимся в рамках образовательной практики, и показываются риски его внедрения в образовательный процесс. В эпоху цифровизации и глобализации образовательная сфера претерпевает изменения, приобретает новые высокоразвитые оттенки, а именно: внедрение различных цифровых принципов, нейронные сети, искусственный интеллект и т.д., согласно которым в исследовательской работе были проанализированы содержание понятий «искусственный интеллект» и «нейронные сети», выявлены их отличительные черты. Были описаны типы нейронных сетей по производимому конечному продукту, а также проведен сравнительный анализ плюсов и минусов использования нейронных сетей в процессе обучения. В статье был проведен теоретический анализ и эмпирическое исследование по оценке студентами и преподавателями путей использования искусственного интеллекта в образовании. Возможности, недостатки, риски применения искусственного интеллекта в образовании, наряду с перспективами, определены и моделированы с помощью контент-анализа, основанного на опросах преподавателей и студентов педагогических вузов, в том числе Казахского национального женского педагогического университета.

Выявлены и проанализированы технологии внедрения искусственного интеллекта в учебный процесс современного вуза. Всесторонне определяя необходимость использования и совершенствования нейронных сетей и технологий искусственного интеллекта в образовании и предлагая возможности использования его в персонализации обучения, мы приходим к выводу, что не можем полностью заменить преподавателя или студента искусственным интеллектом. Искусственный интеллект облегчает работу учителей, и учащиеся может творчески решать образовательные проблемы, однако его следует использовать только в качестве дополнительного инструмента для улучшения учебного процесса.

Ключевые слова: «искусственный интеллект», эпоха трансформации, технологии искусственного интеллекта, блокчейн, искусственный интеллект в образовании, нейронные сети, эпоха оцифровки и глобализации, четвертая промышленная революция

PROBLEMS OF USING ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN THE FIELD OF HIGHER EDUCATION: POSITIVE FEATURES AND DANGERS

*Aldibekova Sh. N.¹

¹Kazakh National Women's teacher training University,
Almaty, Kazakhstan

Abstract. In the modern world, when the Fourth Industrial Revolution is taking place, much attention is paid to the possibilities of artificial intelligence in the educational process, which is devoted to one of the most pressing problems of research scientists-the topic of digitalization of the educational process. He noted that in addition to improving science, technology and the quality of human life, the digital age, in turn, could not but cause ethical and social problems (the emergence of unemployment, the violation of the ethics of using finished work, reducing the level of thinking and the quality of health of humanity, etc.). The article addresses a number of issues and contradictions related to the use of artificial intelligence, providing new opportunities for students and teachers in the field of education and being an incredibly powerful tool that penetrates into all areas of our lives, and it is noted that competence in the field of artificial intelligence has become one of the most important technological skills of the XXI century. The article will first describe the history of the development of artificial intelligence, its role in education. Based on a review of foreign scientific publications, the author identifies the essence of artificial intelligence, the opportunities it provides both teachers and students within the framework of educational practice, and the risks of its introduction into the educational process are proposed. In the era of digitalization and globalization, the field of Education undergoes changes, acquires new highly intelligent shades, namely: the introduction of various digital principles neural networks, artificial intelligence, etc., according to which, in the research work, the concepts of "artificial intelligence" and "neural networks" were analyzed, their distinctive features were identified. According to the final product produced, the types of neural networks were described and comparative analyzes of the positive and negative aspects of the use of neural networks in the educational process were carried out. The article carried out a literature review and an empirical study on the assessment of the possibilities of using artificial intelligence in education by students and teachers. The possibilities, prospects, and disadvantages of using artificial intelligence in education were identified and modeled by content analysis based on a survey of teachers and students of pedagogical universities, including the Kazakh National Women's teacher training University. The need to introduce artificial intelligence into the educational process, as well as the technologies used in modern universities, was identified and analyzed. By providing opportunities for the use of artificial intelligence in the personalization of learning, we have comprehensively determined the need to use and improve neural networks and artificial intelligence technologies in education, artificial intelligence cannot completely replace a teacher or student. We came to the conclusion that artificial intelligence facilitates the work of teachers, and students can creatively solve educational problems, however, it

should be used not only as an additional tool for improving the learning process.

Key words: artificial intelligence, the era of transformation, artificial intelligence technologies, blockchain, artificial intelligence in education, neural networks, the era of digitalization and globalization, the Fourth Industrial Revolution

Мақала түсті: 2 ақпан 2025

Автор туралы мәлімет

Альдибекова Ш.Н., п.ғ.к., қауым.проф.м.а., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан. e-mail: sholpa_2811@mail.ru

Сведения об авторах

Алдибекова Ш. Н., кандидат педагогических наук, и.о ассоц.профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан. mail: sholpa_2811@mail.ru

Information about the author

Aldibekova Sh. N., candidate of Pedagogical Sciences, Acting Associate Professor, Kazakh National Women's teacher training University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: sholpa_2811@mail.ru

УДК 376

МРНТИ 14.05.07

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.76.1.021>

БОЛАШАҚ АРНАЙЫ ПЕДАГОГТЕРДІ КҮРДЕЛІ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

*Мукажанова Э.Т.¹, Абаева Г.А.²

*^{1,2}Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

«Орқабай алып» дастанның басты кейіпкері Орқабай - өзі тұрған бүкіл ауылдың қамын ойлаған қоғамшыл, қолынан келген көмегін де аямаған, алайда жауына қатал, аңғал батыр. Ақын алып батырдың іс әрекетін шынайы суреттейді:

Орқанның пішіні алып піл секілді,

Екпіні тасқын дария Ніл секілді.

Алып ер ашу қысып ақырғанда,

Дауысы күркіреген күн секілді.

Кең жауырын, кеудесі алып, нар секілді,

Жотасы кесе жатқан жал секілді.

Қарасаң қарсы алдынан бет-әлпіне,

Қабағы қарсы беткей жар секілді [14, б.18], – деп сурттеп, нағыз алып батырдың кейпі көз алдымызға келеді. Яғни қарапайым адамның бүкіл ауылды асырап, болашағын ойлап, қамқор көрсетуі – патриоттықтың белгісі. Өзінің ісімен, таза адал ниетімен, қызметімен жанашырлық таныту, қолынан келген көмегін аямай, аянбай еңбек ету, қандай қиын жағдай болмасын халықпен бірге болу – міне нағыз азамат бейнесі.

«Елемес-Аман» дастанының басты тақырыбы – ерлікті дәріптеу. Ақын шығармада елінен шыққан батырларды былайша суреттейді:

Киліге кеп етуге,

Елемес-Аман секілді,

Ел қорғаны ерлердің,
Айбатынан шошынған.
Мұнан басқа ерлер бар,
Уатай сынды айтулы
Қызқара атты ұйытқытып,
Бес қаруын асынған,
Ападан шыққан Мендібек,
Екпіні судай тасынған.
Бұл да айтулы ер еді,
Егескен жауын қашырған.
Міне, осындай ерлердің
Айбатынан сескеніп,
Жаудың лебі басылған [14, б. 197].

Сарышолақ Боранбайұлы өзінің туған өлкесіне деген махаббатын әр шығармасынан байқатып отырады. Өлкетанушы профессор Асанов Жұманазар «Сарышолақ ақын туған жерін, оның ұшқан құс, жүгірген аңын жан-тәнімен беріле сүйген еді» [12, б.62] деп баға береді.

Дәлел ретінде «Ұлы Құм», «Жомартым», «Көктем», «Қыс», «Мекені ұлы жұрттың бұрынғыдан», «Тебен су» өлеңдерін алсақ болады.

Ақын табиғатты адам өмірімен қатарластырып, жігін білдірмей астастырып жіберуге шебер:

Ыңырсып бота боздаған,
Шулап қойы қоздаған.
Шұрқырап құлын кісінеген,
Жан-жүйенді қозғаған.
... көктемнің сұлу жас шағы,
Қыстың кәрін еңсерген [12, б.120],
Немесе:
...Жомарттың сәні келер ме,
Балыққа толмай тоспасы?
Қопасор сәні келер ме,
Шыңғырып қашпай шошқасы [12, б.125]
«Ұлы Құм» өлеңінде:
Айналайын, Ұлы Құм,
Жаз болғанда тербеліп,
Шәушілдейді шыбығың.
Бәйшешегің көкке сермеліп,
Қыздай еді қылығың.
Қояның қойдай өретін,
Шіл құлдырай жөнетін.
Қарсағың қашып қырқадан ,

Әр төбеден түлкі өнетін [12, б.124], – бұл әдемі салыстырулар мен көріністер туған жерін шексіз сүйген, сүю жеткіліксіз, табынған ақынның ғана қолынан келері анық.

Нұрпейіс ақын да «Біздің көл» өлеңінде:

Өсімдігі шекер, бал,
Татқан жануар кеткісіз.
Нарын қамыс, қалың ну,
Кесе шауып өткісіз.
Балығы арда – бесті асау,
Шортандары бақандай.
Жайыны шөккен атандай,
Аулағанға біткісіз.
Отанымда осындай
Күміс сулы көлдер көп,

Татсаң естен кеткісіз, – деген шумақтары арқылы туған жерінің әсем табиғатын көз алдына келтіріп, әсерлі суреттеп береді. Кіші Отанға деген сағыныш кернеп, махаббатың оянады. [11, б.53]

Жөкей көшпенділік дәуірді өз көзімен көргендіктен, үнемі ат үстінде жүріп, туған жерінің ой-шұқырын, сұлу табиғатын жетік біліп қана қоймай, жан-тәнімен сезініп, табиғат құбылыстарын суреттеуге келгенде алдына жан салмайды.

Бұл елдің қыс-қыстауы Құтисоркөл,
Көктемде құяды арна, тасқындап сел.
Беті – құс, қойны – балық, төңірегі мол,
Қалың ну, қамыс, қоға, етегі ел, – деп өзінің туған жерінің ең қолайлы,
әсем табиғатын көзіміздің алдына әкеледі.

Немесе:

Бір уақыттар болғанда,
Болжалды мезгіл толғанда,
Түрілді түннің пердесі,
Көрініп әлем көңілді,
Сәулеленіп алтын таң,
Жаһанға нұры себілді.
Ескектеп салқын самал жел,
Бұлт іргесі сөгілді,
Гүл, жапырақтар мөлтілдей,
Шыққа белден көмілді.

Татуасыз төгілген жыр, өзгеше өрім, мінсіз сурет тыңдаушысын тұңғышына біржолата тартып алып кетеді.

Ақтөбе өңірінде әр кезеңде өмір сүрген халық қалаулылары, ақын-жыршылары өз деңгейінде, шама-шарқынша зерттелініп, оқырман назарына ұсынылып отырды. Сонымен қоса елін, жерін сүю тақырыбынан да айналып кеткен жоқ. Филология ғылымдарының кандидаты, талантты ұстаз С.Ж.Бермағамбет «Діни-ағартушылық және Әбубәкір (Кердері) Боранқұлұлының әдеби мұрасы» атты монографиясында «Діни-ағартушылық ағымның өкілдері өз кітаптарында, мұсылманшылдық білім саласында пайда болған жаңа бағыт – ули жаидіті жақтады. Бұл оқудың жаңа әдісі еді. Оқытудың бұл әдісі арқасында ел арасында білімге ынта-

жігер өсіп, балалар аз уақытта сауаттылыққа жетті» деп келтіріледі, яғни Ақтөбе өңірінің ақыны Кердері Әбубәкір шығармаларындағы тәлім-тәрбие берерлік мұраны паш етеді. [15, б.33]

Ақтөбе өңірінің белді ақындарында, Нұрпейіс Байғанинда, Сарышолоқ Боранбайұлында дәстүр жалғастығымен алдындағы ақын-жыршылардың тәрбиесі болғанын да көруге болады. Өз естеліктерінде олар Әбубәкір Кердерінің әйдік жыршы, көпті көрген, зейінді, сыншы адам екенін еске алады.

Ақын туған еліне ғана емес, зиялылар арасында да, көзі қырақты хат танитындар арасында да, қазақ тілін түсінетін қырғыз, қарақалпақ, түркімен, өзбек, ұйғыр, татар, башқұрт арасында да мәлім болған.

Шығармаларының басым тақырыбы – дін, инабаттылық мәселелерін насихаттаумен қатар, шарифат жолындағы таза, тура жол. Өзінің ақыл-кеңес бағытындағы шығармаларынан да көруге болады:

Жастық дәурен жазға ұқсас,

Кәрілік дәурен қысқа ұқсас.

Білім – алтын, күмістей,

Білімсіздік – мысқа ұқсас.

Алты ай өтер қыс болып,

Тізеден қар, белден тон,

Жер үстіне күш болып.

Қақ айырылып қара жер,

Қисаптан тыс қыс болып, – деп насихат сөздерімен, өмір кезеңдерімен салыстыра жырлап, жастық шақтың өнімді кезең екенін суреттейді.

Ақын бірқатар өлең, толғауларында оқу, өнерді, дін-шарифатты, ғылымды, азаматтық-кісілікті, жақсы мінез, жарастықты, әдет-ғұрыпты насихаттайды. Оған дәлел мына шумақтары:

Дұшпанды жеңсең, достық қыл,

Жеңген сайын өшікпе.

Жеңілген жауға қатын ер,

Өне бойы қорқытып,

Тығамын деме тесікке деп, жастарды жақсылыққа достыққа шақырса,

Ердің еркі сол болар,

Айтқан сөзден танбаған, – «жігіттің екі сөйлегені өлгені» деп қайырады.

Немесе болатын баланың алысқа қарайтынын, келер ұрпақтан үмітін үзбейтінін ескертеді:

Болмас бала құрысын,

Болар бала жас болмас.

Әбубәкір ақынның «Қазағым» өлеңі тұнып тұрған тарихи деректер, салт-дәстүр, әдет-ғұрып:

Қыс болса қыстаушы еді қырға барып,

Көлденең шыңыраулы шыңға барып,

Жарлы деп жүз қой бітсе айтушы еді,

Қой, жылқы толықпаса мыңға барып.

Саралап ат, айғырын мырза, байлар
Үргенішке сатушы еді жылда барып.
Ат, айғыр айдаушы еді, атан алып,

Матамен қайтушы еді шапан алып – көз алдымызға байырғы заманның тірлігі келе қойды. Жас ұрпақ қазақ халқының тарихынан, әдебиетін мен мәдениетінен хабардар болуы керек. Себебі біздің болашағымыз – өткен өмірімізбен тікелей байланысты.

Еңбек – халыққа пайдасын тигізіп, қызмет ету дегенді білдіреді. Еңбек арқылы адам өзін-өзі асырап, жақындарына көмектесіп, еліне, жеріне пайда келтіреді, дамиды, жоғарылайды, білімі артады, ізденеді, адам ретінде қалыптасады. «Еңбек туралы жырда» ақын осыны меңзейді:

Еңбекке жалқауларды шақырамын,
Өмірге еңбекпенен келген дұрыс.
Отанға тартуыңды лайықтап,
Беруге жан аямай жұмыс істе.
Әркім-ақ еңбегімен бағаланад,
Сондықтан еңбек ету – күшті борыш [11, б.60]

Сонымен қатар проблемалық оқыту барысында да студенттер авторлардың шығармаларын зерделеп, жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы толық мәлімет ала алады. Ұсынылған аннотацияларды талдай отырып, жазушының жеке басы мен оның шығармашылық қызметі туралы мәліметтерді табады. Осындай ізденіс әрекетінің нәтижесінде жазушының шығармашылығына деген қызығушылық пен оны зерттеуге ынта-ықыласы туындайды.

Қорытынды

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев өз жолдауында «Патриотизм – мемлекеттілігімізді сақтаудың басты кепілі. Өз Отанына деген сүйіспеншіліктен жақсы қасиет жок. Туған халқына қызмет етуден артық бақыт жок» деген еді. Үнемі жоғары мінберлерден айтылатын ойлардың басым бөлігі жасөспірімдерді елін, жерін сүйуге, мемлекеттік тілін құрметтеуге, табиғатын аялап, мақтан етуге шақырып қана қоймай, мектеп жасынан ұғындыру, түсіндіру, еріксіз табынуға жағдай жасау – кіші Отанының тарихын, әдебиетін, ерекшелігін білуге талпынуды насихаттауда.

Мақаламыздың негізгі мақсаты – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін балаларға патриоттық тәрбие беруге арнайы түрде дайындау, оның ішінде аймақтық әдебиет материалдарын бастауыш мектептің оқу-тәрбие процесіне ендіру мәселесін негізгі мақсат етіп алу арқылы қазақстандық патриотизм мәселесін шешуде аймақтық әдебиет материалдарының тигізетін әсері мол екенін нақты мысалдармен көрсету.

Біз ұсынып отырған мақалада аталған ақындар мұралары талданып, оның ішінде зерттеліп отырған ақындар туындылардағы патриоттық тәрбие мәселесіне көп көңіл бөлінді. Себебі, Ресей мен Украина арасындағы қақтығыс, жер бетіндегі мемлекеттер арасында бұрынғыдан өзгеше саясат, жаңа қарым-қатынас қалыптастыратыны, соған байланысты патриоттық

тәрбие мәселесіне айрықша ден қою керектігін қазірдің өзінде көрсетіп отыр. Мақалада шығармасы талданған ақындардың бірі елін, жерін шексіз сүйген, тәуелсіздік ұранын көтерген ақын Сарышолақ Боранбайұлы. С.Боранбайұлының шығармашылық өмірбаяны мен туындыларының талдануы, біздіңше, ұсынылып отырған мақаланың үлкен жаңалықтарының бірі. Нұрпейіс Байғанин заманында «Екінші Жамбыл» атанған эпик ақын. Н.Байғанин шығармаларының дені патриоттық тәрбиеге арналған. Сондықтан мектеп оқушысына берері көп. Өз зерттеуімізде Жөкей Шаңғытбаев шығармаларындағы туған жердің әсем табиғатын жырлаған тұстарын мысалға ала отырып, оқушылардың өзі тұратын елді мекеннің қадыр-қасиетін ерте түсінуіне ықпал жасауды мақсат тұттық. Поэзия туралы академик Зәки Ахметов: «Поэзия сөз өнері, көркемдік шеберліктің теңдесі жоқ озық үлгісі. Оның үстіне поэзияның аса маңызды элеуметтік, қоғамдық құбылыстарды бейнелеп көрсете алатын зор мүмкіншілігі бар. Ол – айналамыздағы дүниені, өмірді танып білудің күшті құралы, біздің қоғамдық ой-санамыздың, көркемдік эстетикалық сезіміміздің үлкен өнімді саласы», – дейді [18, б.7]. Біз мақаламызда белгілі ғалымның осы ой тұжырымын мүмкіндігінше басшылыққа алдық.

ӘДЕБИЕТ

[1] Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы. // 21 қараша, 2018 жыл. Қол жеткізу режимі: URL: <https://egemen.kz/article/178090-nursultan-nazarbaev-uly-dalanyh-dgeti-qyru> [Қаралған күні: 27.05.2021].

[2] Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдегі 319-III «Білім туралы» Заңы. Алматы, 2007. Қол жеткізу режимі: URL <https://egi.edu.kz/wp-content/uploads/2020/12/2007.27.07-319-III-R-ZA-Y.pdf>. [Қаралған күні: 10.10. 2024].

[3] Дзепс-Литовский М.И. К вопросу о предмете и методе курса «Краеведение» // Краеведение. – 1923. – №2 – с.112-116.

[4] Бех И. Д. Воспитание личности: в 2-х кн. / Д. Бех; ред. А. И. Цибульская. – Москва, 2003. - Кн. 2: личностно-ориентированный подход: научно-практические основы. – 2003. – с. 344.

[5] Grigg R. Becoming an outstanding primary school teacher. Second edition. // Routledge: New York, 2014. – P. 473.

[6] Шаронов А.А. Формирование патриотических ценностей подростков во внеурочной деятельности: канд. дис. – Воронеж, 2019.

[7] Тулегенова Г. А. Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу: канд.дис. – Талдықорған, 2021. – 152 б.

[8] Калимолдаева А. К. Подготовка будущего учителя к патриотическому воспитанию учащихся старших классов в современных условиях: дис.канд.пед.наук. – Алматы. – 2010. – 151 с.

[9] Никова М.А. Формирование патриотизма у российского студенчества: канд. дис. – Москва. – 2004.

- [10] Buck D.J. Schools need to Teach Patriotism / Арео. – Philosophy. – 02.10.2019.
- [11] Байғанин Н. Естеліктер. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 2006. – 307 б.
- [12] Боранбайұлы С. Азаттық еді аңсаған. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 2006. – 264 б.
- [13] Сыдықов Қ. Ақын-жырлаулар. – Алматы, 1974. – 240 б.
- [14] Шаңғытбайұлы Ж. Дастандар. – Алматы, 2007. – 288 б.
- [15] Бермағамбет С.Ж. «Діни-ағартушылық және Әбубәкір (Кердері) Боранқұлұлының әдеби мұрасы». – Ақтөбе, 2019. – 130 б.

REFERENCES

- [1] Nursultan Nazarbaevtyn «Uly dalanyn jetı qyry» atty maqalasy. // 21 qarasha, 2018 jyl. (Nursultan Nazarbayev’s article “Seven Faces of the Great Field”). Qol rejimi: URL: <https://egemen.kz/article/178090-nursultan-nazarbaev-uly-dalanynh-dgeti-qyry> [Qaralghan kunı: 27.05.2021]. [In Kaz.]
- [2] Qazaqstan Respublikasynyn 2007 jylgy 27 shıldegi 319-III «Bilim turaly» Zany. Almaty, 2007. (Law of the Republic of Kazakhstan «On Education»). Qol jetkizu rejimi: URL 2007. <https://egi.edu.kz/wp-content/uploads/2020/12/2007.27.07-319-III-R-ZA-Y.pdf>. [Qaralghan kunı: 10.10. 2024]. [In Kaz.]
- [3] Dzeps-Litovski M.İ. K voprosu o predmete i metode kursa «Kraevedenie» (Questions about the subject and method of the course “Kraevedenie”) //Kraevedenie. – 1923. - №2 – s.112-116. [In Rus.]
- [4] Beh İ. D. Vospitanie lichnosti: v 2-h kn. (Personality education: in 2nd book.) / D. Beh; red. A. İ. Sibülškaia. – Moskow, 2003. – Kn. 2: lichnostno-orientirovannyi podhod: nauchno-prakticheskie osnovy. – 2003. – 344 s. [In Rus.]
- [5] Grigg R. Becoming an outstanding primary school teacher. – ISBN978131576109. Second edition. Routledge: New York, 2014. – 473 p.
- [6] Sharonov A.A. Formirovanie patrioticheskikh senostei podrostkov vo vneurochnoi deiatelnosti (Formation of patriotic values of teenagers in extracurricular activities): kand. dis. – Voronej, 2019. [In Rus.]
- [7] Tulegenova G. A. Bastauysh synyptardagy gumanitarlyq panderdi oqytu arqyly oqushylardy patriottyqqa tarbieleu (Education of students in patriotism by teaching humanitarian subjects in primary classes): kand.dis. – Taldyqorgan., 2021. – 152 s. [In Kaz.]
- [8] Kalimoldaeva A. K. Podgotovka budușego uchitelä k patrioticheskomu vospitanıu uchashihsa starshih klasov v sovremennyh usloviah (Preparation of the future teacher for patriotic education of high school students in modern conditions): dis.kand.ped.nauk. – Almaty, 2010. – 151 s. [In Rus.]
- [9] Nikova M.A. Formirovanie patriotizma u rosiskogo studenchestva (Formation of patriotism in Russian students): kand. dis. – Moskva, 2004. [In Rus.]

[10] Buck D.J. Schools need to Teach Patriotizm / Apeo. – Philosophy. – 02.10.2019.

[11] Baiganin N. Estelikter. Tandamaly shygarmalar (Memories. Selected works). – Almaty, 2006. – 307 b. [In Kaz.]

[12] Boranbaiuly S. Azattyq edi ansagan. Tandamaly shygarmalar (He longed for freedom. Selected works). – Almaty, 2006. – 264 b. [In Kaz.]

[13] Sydiqov Q. Aqyn-jyrlaular (Poems and songs). – Almaty, 1974. – 240 b. [In Kaz.]

[14] Shangytbaiuly J. Dastandar (Poems). – Almaty, 2007. – 288 b. [In Kaz.]

[15] Bermagambet S.J. «Dini-agartushylyq jane Abubakır (Kerderi) Boranquluylynyn adebi murasy» (Religious education and literary heritage of Abubakır (Kerderi) Borankuluyli). – Aqtobe, 2019. – 130 b. [In Kaz.]

РОЛЬ ПРОИЗВЕДЕНИЙ НАРОДНЫХ ПОЭТОВ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ В ПАТРИОТИЧЕСКОМ ВОСПИТАНИИ

*Ермуханова И.Ж.¹, Ольховая Т.А.², Асанов Ж.А.³

¹Казахско-Русский Международный университет, Актобе, Казахстан

²Оренбургский государственный университет

Оренбург, Россия

³Актюбинский университет С.Баишева, Актобе, Казахстан

Аннотация. В статье рассматриваются приоритетные направления патриотического воспитания в сфере начального образования в рамках формирования ценностей патриотизма. В настоящее время воспитание младших школьников в духе патриотизма, народолюбия, любви к Родине открывает путь к духовному возрождению общества и ведет к возрождению в сознании человека величия страны. В настоящее время в процессе воспитания молодого поколения важное значение занимает популяризации произведений представителей краеведческой литературы. Цель статьи представить вниманию аудитории произведения краеведов-литераторов, таких как поэт Нурпейс Байганин, поэт-воин Сарышолок Боранбайулы, поэт-импровизатор Акпан Айтпекулы, Абубакир Кердери, Актан Кереулы, поэт-эпик Жокей Шангытбайулы и провести анализ тенденций патриотического воспитания в их произведениях.

«Кобыланды», «Кубыгул», «Алпамыс», «Торехан», «Ер Таргын», «Кыз Жибек» поэта-эпика Актюбинской области Нурпейса Байганина, поразившего народ своими пламенными произведениями, историческими, этнографическими, философскими идеями, историко-героические произведения, такие как «Айман-Шолпан», «Светлый месяц май», «Враг будет сокрушен», «За Родину» произведения поэта Сарышолока Боранбайулы, прославившие героизм героев, запомнившихся народу своими героическими подвигами, «Богенбай батыр», «Килем жайган», «Кене хан», «Елемес-Аман», «Жанкожа батыр» Жокея Шангытбайулы – произведения, побуждающие молодое поколение любить свою страну и землю, бережно относиться к ее истории и уважать ее. Молодое поколение должно расти,

зная все это. Ребенок, который ежедневно слышит, впитывает, и различает понятия казахстанский патриотизм, народолюбие, будут детьми страны, которые смогут уважать свою страну, землю, язык, и показать пример в будущем.

Ключевые слова: патриотизм, местный поэт, поэт-воин, Сарышолок Боранбайұлы, Нурпейис Байганин, Жокей Шангытбайұлы, региональная литература, начальное обучение

THE ROLE OF WORKS OF PEOPLE'S POETS OF AKTOBE REGION IN PATRIOTIC EDUCATION

*Yermukhanova I.Zh.¹, Olkhovaya T.A.², Asanov Zh.A.³

*¹Kazakh-Russian International University, Aktobe, Kazakhstan

²Orenburg State University, Orenburg, Russia

³Aktobe University named after S.Baishev, Aktobe, Kazakhstan

Abstract. The article discusses the priority areas of patriotic education in the field of primary education in the framework of the formation of the values of patriotism. At present, the upbringing of younger schoolchildren in the spirit of patriotism, love of the people, love for the Motherland opens the way to the spiritual revival of society and leads to the revival in the mind of a person of the greatness of the country. At present, in the process of educating the younger generation, the popularization of the works of representatives of local history literature is of great importance. The purpose of the article is to present to the attention of the audience the works of local historians and writers, such as the poet Nurpeis Baiganin, the warrior poet Sarysholak Boranbayuly, the poet-improviser Akpan Aitpekuly, Abubakir Kerderi, Aktan Kereuly, the epic poet Jockey Shangytbayuly and to analyze the trends of patriotic education in their works.

“Kobylandy”, “Kubygul”, “Alpamys”, “Torekhan”, “Er Targyn”, “Kyz Zhibek” by the epic poet of the Aktobe region Nurpeis Baiganin, who struck the people with his fiery works, historical, ethnographic, philosophical ideas, historical and heroic works such as “Aiman-Sholpan”, “Bright month of May”, “The enemy will be crushed”, “For the Motherland” works of the poet Sarysholak Boranbayuly, glorifying the heroism of heroes remembered by the people for their heroic deeds, “Bogenbai batyr”, “Kilem zhaigan”, “Kene Khan”, “Elemes-Aman”, “Zhankozha Batyr” by Jockey Shangitbayuly are works that encourage the younger generation to love their country and land, take care of its history and respect it. The younger generation should grow up knowing all this. A child who daily hears, absorbs, and distinguishes between the concepts of Kazakhstani patriotism, love of people, will be the children of the country who will be able to respect their country, land, language, and set an example in the future.

Key words: patriotism, local poet, warrior poet, Sarysholak Boranbayuly, Nurpeyis Baiganin, Jockey Shangytbayuly, regional literature, primary education

Мақала түсті: 29 шілде 2024

Авторлар туралы мәлімет

Ермуханова Индира Жаксылыковна – докторант, Қазақ-Орыс Халықаралық университеті e-mail: Indira_1985.21@mail.ru

Ольховая Татьяна Александровна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Орынбор мемлекеттік университеті e-mail: *tatjana.olhovaja@mail.ru*

Асанов Жуманазар Асанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Баишев университеті, e-mail: *shalkar1900@mail.ru*

Сведения об авторах

Ермуханова Индира Жаксылыковна – докторант, Казахско-Русский Международный университет, e-mail: Indira_1985.21@mail.ru

Ольховая Татьяна Александровна – доктор педагогических наук, профессор Оренбургский государственный университет, mail: *tatjana.olhovaja@mail.ru*

Асанов Жуманазар Асанович – доктор филологических наук, профессор, Актюбинский университет имени С.Баишева, e-mail: *shalkar1900@mail.ru*

Information about authors:

Yermukhanova Indira Zhaksylykovna - doctoral student, Kazakh-Russian International University, e-mail: Indira_1985.21@mail.ru

Olkhovaya Tatyana Aleksandrovna – doctor of Pedagogical Sciences, Professor Orenburg State University, e-mail: *tatjana.olhovaja@mail.ru*

Asanov Zhumanazar Asanovich – Doctor of Philology, Professor, Aktobe University named after S.Baishev, e-mail: *shalkar1900@mail.ru*

УДК:376.33

МРНТИ:14.29.27

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.76.1.038>

НАШАР ЕСТИТІН ЕКІНШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ТӘН ДЫБЫСТАРДЫ ЕСТІП ҚАБЫЛДАУЫ ЖӘНЕ ДЫБЫС АЙТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Чулембаева А.Б.¹, Аутаева А.Н.², Махметова А.А.³

*1«Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» РММ, Алматы, Қазақстан

^{2,3}Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Есту бұзылыстары бар балалардың қазақ тілінің дыбыстық жүйесін түсінуі мен меңгеруінде тілдік аспектілерді арнайы зерттеу аса маңызды. Есту қабілеті бұзылған қазақ балаларының тілдік дыбыстарды айту қабілетін зерттеген ғалымдардың бірі – А. Н. Аутаева.

Дегенмен, есту қабілеті бұзылған балалардың қазақ тіліне тән дыбыстарды қабылдау және айту ерекшеліктері әлі де толыққанды зерттелмеген. Қазақ тіліне тән дыбыстарды есту қабілеті зақымдалған оқушыларда қалыптастыру мәселесінің өзектілігі осыдан туындайды.

Зерттеуіміздің басты мақсаты – есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының қазақ тіліне тән дыбыстарды естіп қабылдау және дыбыс айту жағдайын анықтау. Зерттеу міндеттері: Нашар еститін екінші сынып оқушыларының қазақ тіліне тән дыбыстарды естіп қабылдау және айту ерекшеліктерін зерттеу; Бастауыш сынып оқушыларындағы қазақ тіліне тән дыбыстардың естіп қабылдау және дыбыс айтуының даму динамикасын анықтау. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, 2-сынып оқушылары қазақ тіліне тән (қ), (ғ), (ұ), (ң) дыбыстарын айтуда қиындықтар сезінеді. Сонымен қатар, олардың қазақ тіліне тән дыбыстарды естіп қабылдауы мен дыбыс айтуының даму динамикасында айтарлықтай айырмашылықтар байқалмады.

Тірек сөздер: қазақ тілі, есту қабілетінің бұзылуы, қазақ тілінің төл дыбыстары, сөйлеу тілін қалыптастыру, естіп қабылдауды дамыту, дыбыс айту, есту, дыбыстық жүйе, фонетика, фонематика

Кіріспе

Қазақстан 70 жылдан астам уақыт бойы Кеңес Одағының құрамында болып, бұл кезеңде одақтық саясат орыс тіліне басымдық бергені белгілі. Соның салдарынан қазақ тіліне деген назар төмендегенімен, оның дамуы мен сақталуына өз үлесін қосқан ғалымдар аз болған жоқ. Олардың қатарында А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, Қ. Аханов сынды ұлы тұлғалар бар.

А. Байтұрсынұлы – қазақ тілін жазуға жүйелі ғылыми негіз қалаған тұлға, сондай-ақ қазақ тіл білімінің негіздерін қалыптастырды. Оның

еңбектері қазақ тілінің грамматикасы мен орфографиясының дамуына үлкен әсер етті.

М. Жұмабаев – қазақ әдебиетінің дамуына зор ықпал еткен көрнекті қайраткер. Оның шығармашылығында тілдің рухани және ұлттық мәні басты орын алады.

Қ. Аханов – қазақ тіл білімінің жаңа кезеңге қадам басуына үлес қосқан ғалымдардың бірі. Оның қазақ тілінің құрылымы мен грамматикасын зерттеудегі еңбектері ерекше маңызға ие. Бұл ғалымдар тек қазақ тілінің сақталуына ғана емес, оның ғылыми тұрғыдан зерттеліп, дамуына да зор үлес қосты.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан кейін қазақ тілінің мәртебесіне қатысты маңызды өзгерістер басталды. Қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып танылды. Бұл – тәуелсіздіктің және ұлттық егемендіктің айқын көрінісі болды [3,4].

1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, 7-бапта: «Қазақстан Республикасында қазақ тілі – мемлекеттік тіл» деп нақты көрсетілді. Бұл бап қазақ тілінің қоғамның барлық салаларында, мемлекеттік құрылымдар мен қызметтерде негізгі тіл ретінде қолданылатынын білдіреді [5].

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ тілінің мәртебесі арта түсті. Алайда оның толыққанды дамуы мен кеңінен қолданылуы әлі де болса нақты іс-шараларды қажет ететін өзекті мәселе болып отыр. Осыған байланысты, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде жетілдіру мақсатында түрлі заңдар мен бағдарламалар қабылданып, бірқатар шаралар жүзеге асырылуда.

К. Ахановтың зерттеулері көрсеткендей, мектеп оқушылары сөйлеу мен жазу барысында регрессивті және прогрессивті ассимиляцияға ұшырайтын дыбыстарды қабылдау мен айтуда қиындықтарға тап болады. Демек, қазақ тіліне тән дыбыстарды естіп қабылдау және айту, әсіресе есту қабілеті бұзылған балалар үшін, күрделі мәселелердің бірі болып табылады [4].

Естуінде бұзылыстары бар балалар үшін кез келген дыбыстарды қабылдау және оларды дұрыс айту – өте күрделі үдеріс. Есту қабылдауының бұзылыстары олардың сөйлеу аппаратының толыққанды дамуына, дыбыстарды ажырату және айту мүмкіндіктеріне шектеу қояды. Сонымен қатар, есту қабілеті бұзылған балалар тілдік дыбыстарды толық естімегендіктен, олардың дұрыс айтылуы мен жазылуында да қиындықтар туындайды.

Есту бұзылыстары бар балалардың қазақ тілінің дыбыстық жүйесін түсінуі мен меңгеруі үшін тілдік аспектілерді арнайы зерттеу аса маңызды. Қазақ тіліне тән дыбыстарды есту қабілеті зақымдалған оқушыларда қалыптастыру мәселесінің өзектілігі осыдан туындайды. Бұл бағытта зерттеу жүргізген ғалымдардың бірі – А. Н. Аутаева. Дегенмен, есту қабілеті бұзылған балалардың қазақ тіліне тән дыбыстарды қабылдау және айту ерекшеліктері әлі де терең зерттеуді қажет етеді.

Қазақ тілінің де, басқа тілдер сияқты, өзіндік дыбыстық жүйесі бар. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің әліпбиіне қатысты алғашқы ғылыми зерттеулерін жүргізіп, қазақ тіліне тән дыбыстарды жіктеп, сингармониялық бағытты ұстанды. Ол 26-28 әріптен тұратын әліпбиді әзірлеп, қазақ тілінің фонологиялық ерекшеліктерін ескерді. Ал С. Исаев, С. Мырзабеков, І. Кеңесбаев сынды ғалымдар дәстүрлі фонологиялық бағытты ұстанып, орыс тілінен енген дыбыстарды зерттеу негізінде 42 дыбыстық белгісі бар әліпбиді жасады [1].

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен фонемаларын жан-жақты талдау өте маңызды. Қазақ тілінде 42 фонема бар, оның 33-і орыс тілінен енген дыбыстарды, ал қалған 9-ы қазақ тіліне тән спецификалық дыбыстарды құрайды. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі «ы» дыбысы орыс тіліндегідей белгіленгенімен, оның айтылуы ерекшеленеді. Сондықтан кейбір ғалымдар бұл дыбысты қазақ тілінің спецификалық дыбысы деп санайды.

Қазақ тілінің фонетикасы мен фонологиясын зерттеу барысында дыбыстардың сапалық және сандық ерекшеліктері, сондай-ақ артикуляция мен дыбысталу мәселелері ерекше маңызға ие. Э. Р. Тенишева, Н.З. Гаджиева, Н.К. Дмитриева, Н.У. Туркбенбаева өз еңбектерінде орыс және қазақ тілдеріндегі дыбыстық айырмашылықтарды, сондай-ақ кіріспе фонетика мәселелерін зерттеген. Алайда олардың зерттеулері көбіне фонетикаға бағытталғанымен, фонология мәселелеріне де назар аударған.

Қазақ тілінің дауысты дыбыстары бірнеше топқа бөлінеді: артқы және алдыңғы, жуан және жіңішке дауысты дыбыстар. Айтылуы жағынан қазақ тілінде ұзақ және қысқа дауысты дыбыстар бар, мысалы: «а - ә», «о - ө», «е», «ұ - ү», «ы - і». Сонымен қатар, қазақ тілінің дифтонгтары мен орыс тілінде кездеспейтін дауысты дыбыстары да ерекше назар аударуды қажет етеді.

Қазақ тілінің үндестік заңы – оның құрылымын түсінуде маңызды рөл атқаратын құбылыс. Бұл заң бойынша сөздің дыбысталуы оның жуан немесе жіңішке болуына, сондай-ақ дауысты дыбыстардың қатысуына байланысты анықталады. Қазақ тілінде сөздердің қатаң немесе ұяң айтылуы дауысты дыбыстар арқылы белгіленеді.

Қазақ тіліне тән дауыссыз дыбыстар жасалу орнына қарай жеті топқа бөлінеді, мысалы: ерін дауыссыздары, тіс дауыссыздары, тіл алды дауыссыздары. Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстарды жан-жақты зерттеп, олардың жіктелімін ұсынған ғалымдардың қатарында С. Исаев пен Ә. Жүнісбеков бар.

А.Н. Ауаеваның зерттеулеріне сәйкес, есту қабілеті зақымдалған балаларды дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету – күрделі үрдіс және әр балаға жеке бағытталған көмек көрсетуді талап етеді. Әр дыбысты меңгерудің өзіндік ерекшеліктері бар, сондықтан бұл мәселені шешу үшін қазақ тілінің дыбыстық жүйесін терең зерттеу және арнайы әдістемелерді қолдану қажет.

Қорытындылай келе, қазақ тілінің фонетикалық жүйесін терең түсіну үшін оның дыбыстық құрылымын, артикуляциялық ерекшеліктерін, үндестік заңын және дыбыстардың сөз ішіндегі қызметін жан-жақты зерттеу маңызды.

Естіп қабылдауды дамыту – сөздік қорды молайтудың негізгі көздерінің бірі және сөйлеу қарым-қатынасының мүмкіндіктерін кеңейтеді. Ал сөйлеу қарым-қатынасы, өз кезегінде, сөздік қордың баюына, балалардың сөйлеу және жалпы дамуына ықпал етеді. Ф. Ф. Рауның пікірінше, қарым-қатынас барысында сөйлеуді есту арқылы қабылдау екі жақты сөйлеу коммуникациясының маңызды бөлігі болып табылады. Қарым-қатынастың сәттілігі баланың өмірлік тәжірибесі мен танымдық қабілеттеріне байланысты. Естігенін түсіну үшін бала айтылған тақырып бойынша белгілі бір түсінікке ие болуы керек.

Есту қабілеті зақымдалған балалар тілдік қарым-қатынас тәсілдерін арнайы ұйымдастырылған оқыту үрдісі арқылы меңгереді. Тілдік қарым-қатынасты игерудің маңызды шарттарының бірі – қалыпты есту жағдайының болуы. Есту қабілеті зақымдалған балалардың естіп қабылдау мүмкіндіктері тілдік дыбыстарды меңгеру, дыбыс айту бұзылыстарын түзету және дыбыстау кемшіліктерін жоюда маңызды рөл атқарады.

В. И. Белтюковтың зерттеулеріне сүйенсек, оқушы дыбысты неғұрлым бұзып айтса, соғұрлым оны естіп ажыратуда қиындықтар сезінеді. Тәжірибе көрсеткендей, ұзақ уақыт бойы дыбыстарды қате айту және сөйлеу тәжірибесінің жеткіліксіздігі есту қабілеті зақымдалған балалардың естіп қабылдауына кері әсерін тигізеді.

П. Назарованың зерттеулері көрсеткендей, сөйлеу тілін естіп қабылдауды дамыту баланың сөздік қорын байытуға, сөйлеу тілінің даму деңгейін арттыруға ықпал етеді. Сөйлеу тілін меңгеру деңгейіне қарай естіп қабылдау дағдысы жетіліп, оны қолдану мүмкіндігі артады.

Анализаторлардың сезімталдығы тұрақты болмайды. Бұл көптеген физиологтар мен психологтардың адамның сенсорлық дамуының табиғаты туралы зерттеулерімен дәлелденген.

Л.В. Нейман, Е.П. Кузьмичев, Л.П. Назарова сияқты сурдопедагог ғалымдар мен практиктердің зерттеулері көрсеткендей, естіп қабылдауды дамытуға бағытталған арнайы жаттығулар сөйлеу тілін естіп қабылдауға оң әсер етеді. Осыған байланысты бастауыш мектептің 2-сынып оқушыларының қазақ тіліне тән дыбыстарды естіп қабылдау және дыбыс айту ерекшеліктерін анықтау біз үшін маңызды болды.

Материалдар мен әдістер

Біздің зерттеуіміздің басты мақсаты – есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының қазақ тіліне тән дыбыстарды естіп қабылдау және айту ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеу міндеттері:

1. Нашар еститін екінші сынып оқушыларының қазақ тіліне тән дыбыстарды естіп қабылдау және айту ерекшеліктерін зерттеу.

2. Нашар еститін екінші сынып оқушыларының қазақ тіліне тән дыбыстарды естіп қабылдау және айтуының даму динамикасын анықтау.

Қазақ тіліне тән спецификалық дыбыстарға 9 дыбыс жатады: (ә), (і), (н), (р), (ү), (ұ), (к), (ө), (һ). Алайда, (һ) дыбысы қазіргі қазақ тілінің ауызша

сөйлеу тәжірибесінде сирек кездесетіндіктен, бұл зерттеуде алғашқы 8 дыбыс қарастырылады.

Зерттеу әдістері.

Есту қабілеті зақымдалған балалардың естіп қабылдауын зерттеу мәселесі арнайы педагогика, психолінгвистика, фонетика және аудиология салаларында жан-жақты қарастырылған. Бұл бағытта дыбыстарды естіп қабылдау, ажырату және сөйлеу тілінің қалыптасу деңгейін диагностикалау басшылыққа алынды.

Лингвистика және фонетика саласында В.П. Глухов есту және сөйлеу қабілеті зақымдалған балалардың фонематикалық қабылдауын зерттеу әдістерін ұсынса, А.Н. Гвоздев балалардың сөйлеу тілінің дамуы мен фонематикалық қабылдауын талдаған. Сонымен қатар, Г.В. Чернова, Ф.Ф. Рау, Н.Ф. Слезина, Н.Д. Шматко және Т.В. Пельмская сияқты ғалымдар есту қабілеті бұзылған балалардың сөйлеу тілінің қалыптасуын зерттеу әдістерін ұсынады.

Осы әдістерді талдау және бейімдеу негізінде А.Н. Аутаева және А.Б. Чулембаева нашар еститін оқушылардың естіп қабылдауын және дыбыс айту ерекшеліктерін зерттеудің арнайы әдістерін әзірледі. Бұл әдістеме 2-сынып оқушыларының типтік оқыту бағдарламаларына сәйкес таңдалған сөздік материалдардан тұрады.

Зерттеуге 8-9 жастағы 20 нашар еститін 2-сынып оқушысы қатысты. Зерттеу оқу жылының басында және оқу жылының соңында жүргізілді.

Оқушылардың сөйлеу тілі материалдарын естіп қабылдау деңгейін анықтау мақсатында, қазақ тіліне тән дыбыстарды пайдалана отырып, оқушыларға таныс сөйлемдер, сөз тіркестері және жеке сөздер таңдалды. Сонымен қатар, қазақ тіліне тән дыбыстарды (ә, ө, ұ, ү, і, ң, қ, ғ) естіп қабылдау арқылы ажырату деңгейін анықтау үшін «Минималды жұптар әдісі», «Сурет таңдау әдісі», «Естіп қайталау әдісі», «Дыбысты естіп қабылдау әдісі» және «Мәнмәтіндік түсінік әдісі» қолданылды.

Оқушыларға жеке сабақтарда алдын ала іріктелген сөйлеу тілі материалы есту арқылы қабылдауға ұсынылды. Оқушы сөзді немесе сөз тіркесін естіп қабылдап, оны суреттерден көрсетіп, тиісті тапсырмаларды орындады. Егер оқушы сөйлемді, сөзді немесе дыбысты есту арқылы қабылдасамаса және қайталамаса, сөйлеу материалы естіп-көру арқылы қабылдауға ұсынылды.

Тапсырманы дұрыс қайталап немесе орындағаны үшін оқушыға 10 балл беріледі.

Егер оқушы сөз тіркесін қайталаса, бірақ жауап бермесе және тапсырманы орындамаса – 5 балл беріледі.

Бағалау шкаласы:

• 0-50 балл – бағдарламалық материалды меңгеру деңгейін анықтауға арналған тапсырмаларды орындай алмады.

• 60-70 балл – бағдарламалық материалды меңгеру деңгейі төмен.

• 70-80 балл – бағдарламалық материалды меңгеру деңгейі орташа.

• 80-100 балл – бағдарламалық материалды меңгеру деңгейі жоғары.

Қазақ тіліне тән дыбыстардың қалыптасуын зерттеу сөздер, буындар және оқшауланған дыбыстар негізінде жүргізілді. Дыбыстардың айтылуын зерттеу кезінде олардың сөздің басында, ортасында және соңында орналасуы қарастырылды. Оқушыларға сұрақтарға жауап беру, суреттерді атау және сөйлеу материалын оқу тапсырмалары ұсынылды.

Дыбыстардың айтылуы сөйлемдерде, сөздерде, буындарда және оқшауланған түрде бақыланды. Әр дыбыстың нәтижелерін мұғалім тіркеп, есеп жүргізді. Сонымен қатар, оқушылардың естіп қабылдау арқылы ажырата алмаған дыбыстары мен дыбыстау бұзылыстары тіркеліп отырды.

Нәтижелер мен талқылау

Кесте 1 - Нашар еститін 2 сынып оқушыларының сөйлеу тілі материалын естіп қабылдау нәтижелері

Деңгей	Жоғарғы	Орташа	Төмен	Тапсырманы орындай алмады
Оқу жылының басы	25%	40%	35%	10%
Оқу жылының аяғы	35%	45%	20%	-

Естіп қабылдауды зерттеу нәтижелері көрсеткендей, нашар еститін 2-сынып оқушыларының қазақ тіліне тән дыбыстарды естіп қабылдау көрсеткіші жоғары деңгейде – 25%, орташа деңгейде – 40% болды. Сондай-ақ, төмен деңгей – 30% құрады, ал 2-сынып оқушыларының 10%-ы тапсырманы орындай алмады. Оқу жылының соңында зерттеу көрсеткіштерінде айтарлықтай өзгерістер байқалмады. Оқушылардың қазақ тіліне тән дыбыстарды естіп қабылдау көрсеткіші жоғары деңгейде – 35%, орташа деңгейде – 45% болды. Сондай-ақ, төмен деңгей – 20%-ды құрады, ал тапсырманы орындай алмаған оқушылар анықталмады. Дегенмен, есту қабілеті зақымдалған 2-сынып оқушылары үшін бұл көрсеткіштер әлі де төмен болып табылады.

Кесте 2 - Нашар еститін 2 сынып оқушыларының сөйлеу тілі материалын айту нәтижелері


Дыбыс айтуы	Оқу жылының басы	Оқу жылының соңы
Жеке	55 %	65 %
Буында	40 %	50 %
Сөзде	30%	40 %
Сөйлемде	25%	35 %
Дыбыс жоқ	35 %	10 %

Оқу жылының басында 25% оқушы жоғары деңгейде орындаса, жыл соңында бұл көрсеткіш 35%-ға жетті. Яғни, 10%-ға ғана өсім байқалады. Бұл өте баяу жетістік, себебі түзету-дамыту жұмыстарының негізгі мақсаты – жоғары деңгейдегі оқушылар үлесін барынша арттыру. Алайда бұл нәтиже оқушылардың қажетті деңгейге жете алмағанын көрсетеді.


Орташа деңгейдегі оқушылар саны 40%-дан 45%-ға ғана өсті. Бұл көрсеткіш олардың белгілі бір жетістікке жеткенімен, жоғары деңгейге көтеріле алмағанын білдіреді. Демек, қолданылған әдістер олардың даму қарқынын жеделдетуге жеткіліксіз болған.

Төмен деңгейдегі оқушылар саны 35%-дан 20%-ға төмендегенімен, бұл көрсеткіш әлі де жоғары болып тұр. 20% оқушы қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс қабылдап, айта алу дағдыларын толық қалыптастыра алмады. Бұл оқушылар үшін қосымша жұмыстар жүргізілмесе, олар болашақта оқу үдерісінде үлкен қиындықтарға тап болуы мүмкін.

Оқу жылының басында 10% оқушы тапсырманы орындай алмаса, оқу жылының соңына қарай бұл көрсеткіш жойылды. Дегенмен, бұл оқушылардың барлығы жоғары деңгейге көтеріле алған жоқ, көпшілігі тек төмен немесе орташа деңгейге көтерілген болуы мүмкін.



Сурет 1 - Нашар еститін 2 сынып оқушыларының бағдарламалық материалдарды естіп қабылдауының даму деңгейі



Сурет 2 - Нашар еститін 2 сынып оқушыларының қазақ тіліне тән дыбыстарды атуының даму деңгейі

Оқу жылының соңындағы нәтижелер оқушылардың қазақ тіліне тән дыбыстарды қабылдау мен айту дағдыларын дамытуда ішінара прогресс бар екенін көрсеткенімен, бұл прогресс жеткіліксіз. Әлі де болса, төмен және орташа деңгейдегі оқушылардың үлесі басым. Түзете-дамыту жұмыстарының тиімділігін арттыру үшін қосымша әдістемелер қолдану, оқыту тәсілдерін жетілдіру және жеке бағытталған жаттығуларды көбейту қажет

Қорытынды

Есту қабілеті зақымдалған балалардың қазақ тіліне тән дыбыстарды қабылдау және дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру – күрделі әрі маңызды үрдіс. Зерттеу барысында бастауыш сынып оқушыларының қазақ тілінің фонетикалық жүйесін меңгеруінде бірқатар қиындықтар анықталды. Атап айтқанда, оқушылар (к), (ғ), (ұ), (ң) дыбыстарын айтуда және естіп қабылдауда айтарлықтай қиындықтар байқалды.

Қазақтілініңдыбыстықжүйесінмеңгерудебалалардыңартикуляциялық ерекшеліктері, есту қабылдауының деңгейі және арнайы оқыту әдістерінің тиімділігі шешуші рөл атқарады. Есту қабілеті зақымдалған балалар үшін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс қабылдау мен дыбыстау арнайы оқыту жүйесін талап етеді. Мұны А.Н. Аутаева, Қ. Аханов, С. Исаев, Ә. Жүнісбеков сынды ғалымдардың зерттеулері де растайды.

Оқу жылының басында жүргізілген зерттеу нәтижесінде оқушылардың 25%-ы жоғары деңгейде, 40%-ы орташа деңгейде, 35%-ы төмен деңгейде болды, ал 10%-ы тапсырманы мүлде орындай алмады. Оқу жылының соңында жоғары деңгейдегі оқушылар 35%-ға жетіп, орташа деңгейдегі оқушылар 45%-ға артты, ал төмен деңгейдегі оқушылар 20%-ға дейін азайды. Дегенмен, оқу жылы бойындағы жетістіктер салыстырмалы түрде баяу болды және бұл көрсеткіштер оқу үдерісін жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері есту қабілеті зақымдалған балалардың қазақ тілінің дыбыстық жүйесін меңгеруі ұзақ және жүйелі жұмыс жүргізуді талап ететінін дәлелдейді. Оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту үшін келесі шараларды жүзеге асыру қажет:

- Қазақ тіліне тән дыбыстарды қабылдау және айтуға бағытталған арнайы жаттығуларды енгізу;
- Есту қабілеті зақымдалған оқушыларға арналған оқыту әдістемелерін жетілдіру;
- Дыбыстық ажырату, артикуляциялық және сөйлеу жаттығуларын кеңінен қолдану;
- Оқыту үрдісін жеке бағдарлау және интерактивті әдістерді пайдалану.

Қазақ тілінің фонетикалық жүйесін меңгеру бойынша түзету-дамыту жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу арқылы есту қабілеті бұзылған балалардың тілдік дағдыларын жақсартуға және сөйлеу қарым-қатынасын дамытуға мүмкіндік жасауға болады.

Қаржыландыру көзі

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің BR21882231 «Қазақстанның орта білім беру жүйесінде инклюзивтілік пен қолжетімділікті қамтамасыз етудің тұжырымдамалық моделі» (2023-2025 жж.) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы аясында жүргізілді.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Байтурсынов А. «Әліппе». – Орынбор: «ҚазМембаспасы», 1924 – 70 б.
- [2] Байтурсынов А. «Баяншы»: әдістемелік құрал. 1926. - 60 б.
- [3] Жумабаев М. «Педагогика». - Алматы, 1993 г. – 124 б.
- [4] Аханов К.Тіл білімінің негіздері: оқулық / К. Аханов. - Алматы: Санат, 1993. - 496 б.
- [5] Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. Кіру режимі: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>. [Қаралған күні 21.12.2024].
- [6] Аутаева А.Н. Психолого-педагогические основы формирования звукопроизношения у детей казахов с нарушениями слуха 7-8 лет. - Алматы, 1999 г. – 159 б.
- [7] Рау Ф.Ф., Слезина Н.Ф. Методика обучения произношению в школе глухих. М.: Просвещение, 1981. —191 с.
- [8] Шматко Н.Д., Пельмская Т.В. Методические рекомендации к альбому для обследования произношения дошкольников с нарушенным слухом – Москва: Советский спорт, 2004. – 28 с.

REFERENCES

- [1] Baytursynov A. Älippe (Alippe) //Orenburg: KazMembaspasy, 1924 – 70 b. [in Kaz]
- [2] Baitursynov A. Ädistemelik qural «Baianshy» (Methodical manual «Bayanshy») // 1926.- 60 b. [in Kaz]
- [3] Zhumabaev M. Pedagogika (Pedagogy) // Almaty, 1993.-124 b. [in Kaz]
- [4] Akhanov K. Tıl biliminiñ negizderi (Basics of linguistics) // K. Akhanov. - Almaty: Sanat, 1993. – p 496. 496. [in Kaz]
- [5] Kazakhstan Respublikasynyn Konstitutsiyasy. Konstitutsiya 1995 jyly 30 tamyzda respublikalyk referendumda qabyldandy (Constitution of the Republic of Kazakhstan. Constitution adopted on August 30, 1995 at the republican referendum) // Kiru rejimi: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>. [Qaralg'an küni 21.12.2024]. [in Kaz]
- [6] Autaeva A.N. Psihologo-pedagogicheskie osnovy formirovaniya zvukoproiznoşeniya u detei kazahov s naruşeniami sluha 7-8 let («Psychological and pedagogical foundations of sound pronunciation in Kazakh children with hearing impairment for 7-8 years») // Almaty, 1999. – 159. [in Rus]
- [7] Rau F.F., Slezina N.F. Metodika obucheniya proiznoşeniya v škole gluhih (Slezina Methods of teaching pronunciation to the deaf school) // M.: Enlightenment, 1981. - p 191. [in Rus]

[8] Shmatko N.D., Pelymskaya T.V. Methodicheskie rekomendatsii k al'bomu dlya obsledovaniya proiznosheniya doshkol'nikov s narushennym slukhom (Methodological recommendations for the album for examining the pronunciation of preschool children with hearing impairments.) // Moscow, 2004. – p 68. [in Rus]

Мақала түсті: 2 наурыз 2024

СЛУХОВОЕ ВОСПРИЯТИЕ И ПРОИЗНОШЕНИЕ СПЕЦИФИЧЕСКИХ ЗВУКОВ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА УЧЕНИКАМИ ВТОРЫХ КЛАССОВ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ

*Чулембаева А.Б.¹, Аутаева А.Н.², Махметова А.А.³

*¹«Национальный научно – практический центр развития специального и инклюзивного образования», Алматы, Қазақстан

^{2,3}Казахский национальный педагогического университет им. Абая.
Алматы, Қазақстан

Аннотация. Особые трудности в освоении казахского языка испытывают дети с нарушениями слуха. Способность воспроизводить звуки речи казахскими детьми с нарушениями слуха изучала А. Н. Аутаева. Однако восприятие и воспроизведение специфических звуков казахского языка детьми с нарушениями слуха не изучено. Отсюда актуальность проблемы изучения казахского языка, поскольку он недостаточно изучен. Основная цель нашего исследования – выявление особенностей слухового восприятия и произношения специфических звуков казахского языка младшими школьниками с нарушениями слуха. Частные цели 1) Изучение слухового восприятия и произношения специфических звуков казахского языка слабослышащими учениками 2 класса. 2) Исследование слухового восприятия и произношения специфических звуков казахского языка слабослышащими учениками 4 класса.

Результаты показывают, что учащиеся 4 класса с трудом произносят следующие звуки: (қ), (ғ), (ұ), (ң). За время обучения во 2–4 классах отмечена незначительная динамика в развитии слухового восприятия и воспроизведения специфических звуков казахского языка. Отсюда необходимость пересмотра методов, используемых в школах для развития слухового восприятия и формирования произношения слабослышащих учащихся.

Ключевые слова: казахский язык, нарушение слуха, звуки казахского языка, формирование произношения, развитие слухового восприятия, произношение, слух, фонетическая система, фонетика, фонематика

AUDITORY PERCEPTION AND PRONUNCIATION OF SPECIFIC SOUNDS OF THE KAZAKH LANGUAGE BY SECOND-GRADE PRIMARY SCHOOL STUDENTS

*Chulembayeva A.B.¹, Аутаева А.Н.², Махметова А.А.³

*¹«National Scientific and Practical Center for the Development of Special and Inclusive Education», Алматы, Қазақстан

^{2,3}Abai Kazakh National Pedagogical university Almaty, Kazakhstan

Abstract. Special difficulties in the development of the Kazakh language are experienced by children with hearing impairments. The ability to reproduce the sounds of speech by Kazakh children with hearing impairments was studied by A. N. Autaeva. However, the perception and reproduction of specific sounds of the Kazakh language by children with hearing impairments has not been studied. Hence the relevance of the problem of learning the Kazakh language, since it is not sufficiently studied. The main goal of our research is the identification of the auditory perception and pronunciation of specific sounds of the Kazakh language by younger students with hearing impairments. Private goals 1) Study of the auditory perception and pronunciation of the specific sounds of the Kazakh language by hearing impaired pupils of the 2st grade. 2) Study of the auditory perception and pronunciation of the specific sounds of the Kazakh language by hearing impaired pupils of the 4th grade

The results show that students in grades 4 have difficulty pronouncing the following sounds: (к), (ғ), (ұ), (н). During the course of studies in grades 2–4, there has been insignificant dynamics in the development of auditory perception and reproduction of specific sounds of the Kazakh language. Hence the need to review the methods used in schools for the development of auditory perception and the formation of the pronunciation of hearing impaired students.

Keywords: Kazak language, hearing impairment, sounds of the Kazakh language, formation of pronunciation, development of auditory perception, pronunciation, hearing, phonetic system, phonetics, phonemics

Авторлар туралы мәлімет:

Чулембаева Айгерим Бауржановна – Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы. Мүмкінді шектеулі балаларға кәсіби білім беру зертханасының меңгерушісі. Педагогика ғылымдарының магистірі. e-mail: Gerain-87@mail.ru

Аутаева Ақбота Нұрсұлтановна – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық универсиеті. Психология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор. Akbota-n@mail.ru

Махметова Айгерим Амановна - Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық универсиеті. PhD доктор. aigerim_amankizi@mail.ru

Информация об авторах:

Чулембаева Айгерим Бауржановна – Национальный научно – практический центр развития специального и инклюзивного образования.

Заведующая лаборатории профессионального образования детей с ограниченными возможностями. Магистр педагогических наук. E-mail: Gerain-87@mail.ru

Аутаева Акбота Нұрсұлтановна – Казахский национальный педагогический университет имени Абая. Кандидат психологических наук, ассоциированный профессор. E-mail: Akbota-n@mail.ru

Махметова Айгерим Амановна – Казахский национальный педагогический университет имени Абая. Доктор PhD. E-mail: aigerim_amankizi@mail.ru

Information about authors:

Chulembayeva Aigerim Baurzhanovna - National Scientific and Practical Center for the Development of Special and Inclusive Education. Head of the Laboratory of Vocational Education for Children with Disabilities. Gerain-87@mail.ru

Akbota Nursultanovna Autaeva – Abai Kazakh National Pedagogical university. Candidate of Psychological Sciences, Associate Professor. E-mail: Akbota-n@mail.ru

Aigerim Amanovna Makhmetova – Abai Kazakh National Pedagogical university. PhD Doctor. E-mail: aigerim_amankizi@mail.ru

Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ
ХАБАРШЫСЫ
«ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ» сериясы

ИЗВЕСТИЯ
КазУМОиМЯ имени Абылай хана
серия «ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ»

BULLETIN
of Ablai Khan KazUIRandWL
series «PEDAGOGICAL SCIENCES»

1 (76) 2025
ISSN 2412-2149 (Print)
ISSN 2710-3269 (Online)
pedagogika.bulletin@ablaikhan.kz

«Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ» АҚ «Полилингва» баспасында басылып шықты
«Баспа авторлық құқық материалдарының мазмұнына және фактілерді
жариялауға байланысты кепілдіктер бермейді, мақалалар нәтижелері
туралы деректер және басқа ақпараттар туралы мәліметке жауапты емес»

Отпечатано в издательстве «Полилингва» АО «КазУМОиМЯ имени Абылай хана»
«Издательство не несет ответственности за содержание авторских материалов и не
предоставляет гарантий в связи с публикацией фактов,
данных результатов и другой информации»

Ответственный за выпуск журнала
директор издательства:
Есенғалиева Б.А.

Технический редактор,
компьютерная верстка:
Кынырбеков Б.С.

Подписано в печать 27.03.2025 г.
Формат 70х90 1/8. Объем 75.25 п.л.
Заказ № 3520. Тираж 300 экз.



Издательство «Полилингва» КазУМОиМЯ имени Абылай хана
050022, г. Алматы, ул. Муратбаева, 200
Тел.: +7 (727) 292-03-84, 292-03-85, вн. 24-18
E-mail: kazumo@ablaikhan.kz, ablaikhan@list.ru